



24 шілде, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi




t.me/syrboyi_kz


2 Жайылымдық жер аз



4 «Мың қарғадан бір сұңқар» досым еді



5 Толыбай батыр тұғыры



8 “Аспанды әлі аңсаймын”



Алаула, Олимпиада алауы!

Адамзат баласы асыға күткен Токио Олимпиадасы төрімізге енді. Кеше Жапония елінің астанасында айтулы аламанның алауы жағылып, жалауы көкте желбіреді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Жер-дүниенің әр қиырынан келген жампоздар енді екі аптадан астам уақыт бойы жаһан жұртшылығын қызықты сайыстарымен қуанышқа бөлейді. Олардың қатарында Қазақстан намысын қорғайтын 95 үкілі үмітіміз бар. Бүгінгідей кәтерілі індет өршіп тұрған тұста дүбірлі дола әлем халқының жүрегіне жылу, жүзіне күлкі сыйлайды деген сенім зор.

Быттыр Токио Олимпиадасының бойтұмары ретінде Мирайтова және Сомэйти бекітілген еді. Жапон тілінен тәржімалағанда Мирайтова «болашақ» және «мәңгілік» сөздерінен құралған. Бұл болашаққа қадам басып, әлемдегі барша халықтың жүрегіне мәңгілік сенім орнату деген ойды білдіреді. Ал Сомэйти – гүлдеген сақураның сортынан туындаған сөз. Ол қиындыққа мойымай, шекараларды бұзып өтетін паралимпиадашылардың басты бойтұмары болмақ.

Бойтұмар жапондардың дәстүрлі мақалынан бастау алады. Мақалдың мазмұны ескіден үлгі алып, жаңалықтан үйрену керек дегенге саяды. Бойтұмарда дәстүрді құрметтеу де, көнені ұмытпау да, жаңалыққа құмар инновациялық аспектілерді дәріптеу де кездеседі.

8-бет

САРАП

Қымбаттамаған не қалды?

Өткен күзден бері қарай қазақстандықтардың орташа атаулы жалақысы 32 мыңға көбейген. Ұлттық статистика бюросы жариялаған өзгеріс бойынша оның маусым айындағы мөлшері – шамамен 242542 теңге. Бұл жерде бюро шағын кәсіпорындарды есепке алмағанын ескеру керек.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Жалақыны жіктесек, былай: 2020 жылы қазанда 209818, қарашада 211033, желтоқсанда 220848, 2021 жылғы қаңтарда 222261, ақпанда 223213, наурызда 224715, сәуірде 231319, ал мамырда 232347 теңгеге жеткен. Халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы мамырда 121 мың теңге болған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,4 процентке көп.

Республикалық көрсеткіштен жоғары еңбекақы Атырау (орташа жалақы – 405,8 мың теңге), Маңғыстау (344,3 мың теңге) облыстары мен Нұр-Сұлтан (307,5 мың теңге), Алматы (268,5 мың теңге) қалалары тұрғындарының қолына тиеді екен. Қалғанында одан төмен. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан әлем бойынша жартымсыз жалақы алатын мемлекеттер қатарында екенін мәлімдеді.

Сөйте тұра, базардағы баға анау! Қалтаны қағып тұр. Кейінгі уақытта тұрғындардың тапқаны тамақтан артылмайтын болды. Сөзімізге Ұлттық статистика бюросының дерегі дәлел. Осы жылдың бірінші тоқсанында әрбір қазақстандық ай сайын шамамен 97 мың теңгені азық-түлік алуға жұмсаған. Бұл өткен жылдың осы кезеңдегі көрсеткіштен 4,6 процентке артық. Ішіп-жеміне көп кететін болған соң ба, жұрт шылым мен ішімді шығынын шегерген. Ас-ауқатқа ақша жұмсаудан алматылықтар алда – шамамен 127,2 мың теңге. Шымкенттіктер керісінше үнемшіл болып шықты – айлық шығыны 72 мыңның айналасында.

Ет жемесе тұра алмайтын қазақ әлі күнге табысының үштен бірінен астамын соған жұмсайды екен. Ол дегеніміз – 31,2



мың теңге, тіпті өткен жылдың бірінші тоқсанындағыдан 1,9 процентке көп. Нан, жарма (14,3 мың теңге, 12,4 процентке артық) және сүт өнімдері (9,6 мың теңге, 10,4 процентке жоғары), жұмыртқа (2,1 мың теңге немесе 37,1 процентке бір-ақ көтерілген) көп шығынды керек ететіндер тізімінде. Есесіне жұрттың қантқа, кондитерлік өнім мен таттіге құмарлығы сейілген – 5,8 мың теңгеге, 0,2 процентке төмен.

Ал жаз келісімен елде картоп пен сәбіз бағасы аспандап, бұл халықтың ашуына тиді. Бюронның маусым айындағы мәліметінше, жыл басынан бері картоп 48,6 процентке қымбаттаған. Сауда және интеграция министрлігі «жылда қайталанатын құбылыс» деп жауырды жаба тоқты. Өйткені 2020 жылы дәл осы уақытта статистика органдары бағаның 46 процентке дейін өскенін тіркепті. Ауыл шаруашылығы министрлігі болса, «алып-сатарлар пайда көріп отыр» деп кінәні супермаркеттер мен делдалдарға жапты.

Қымбатшылықтың сыртында көбіне жанармай мәселесі тұратыны сөзсіз. Өйткені тасымал шығыны соған тікелей тәуелді. Ал бензин бағасында тұрақтылық болған емес. Қазақстанда 10 жылда ол 73-79 процентке дейін өскен. Бюро 2011 жылы АИ-92 бензинінің литрі шамамен 95 теңгеге сатылса, 2021 жылы сәуірде 168 теңгеге көтерілгенін көрсетті. АИ-95, АИ-96 бензинінің литрі он жыл әрде шамамен 107 теңге болған екен. Биыл сәуірде – 187 теңге. АИ-98 2011 жылы шамамен 115 теңгеден сатылса, он жылдан соң 207 теңгеге көтеріліп шыға келді. АИ-95, АИ-96 маркалы жанармай құны он жылда – бір, АИ-98 – екі, АИ-92 үш-ақ рет түскен. Қалғанында халықтың қалтасын қағумен келеді. Энергетика министрлігі бұған байланысты «ішкі нарықтағы мұнай өнімінің бағасын мемлекет реттемейді, баға сұраныс пен ұсыныс негізінде айқындалады» дегеннен әрі аспай отыр.

Халықаралық қаржы институты-

тарының есебінше, айлығының 10-20 процентін тамаққа жұмсайтын елдер «дамыған» болып саналады. Ол категорияда Қазақстан жоқ. Елімізде табысы өте төменгі күнкіркіс шегінен аз халық саны 1996 жылдан бастап есепке алынып келеді. Содан бергі ең бір көңіл түсірерлік көрсеткіш 2001 жылы (халықтың 50 процентке жуығы) тіркелді. Дүниежүзілік банк коронавирус пандемиясының кесірінен быттыр кедейлер санының 2 миллион 373 мың адамға жеткенін мәлімдеді.

Ұлттық статистика бюросы ұсынған кейінгі цифр да мардымсыз. Отандастарымыздың тең жартысы осы күні 50 мың теңгеге де жетпейтін табыспен күнелуге мәжбүр. 2015 жылы ел тұрғындары – 33,9 мың, 2011 жылы халықтың жартысы 25,4 мың теңгеге өмір сүрген. Бұл жерде «өмір сүру» деудің өзі артық, сірә. Халық қалтасының түбі көрініп, қашаңға дейін қымбатшылық қамытын кнер екен?

ЭКОНОМИКА

Инфляция үдерісінен не күтеміз?

Газетімізде бұдан бұрын хабарланғандай, халықаралық мұнай өндіру көлемін реттейтін ОПЕК ұйымындағы Біріккен Араб Әмірлігі мен Сауд Арабиясы арасындағы туындаған кикілжің салдарынан алдағы уақытта мұнай өндіру көлемін ұлғайту жөнінде келісімге қол жеткізілмеген болатын. Бұл ОПЕК-тің шілде айының басында өткен мәжілісінде болды.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Арада бірнеше күн өткенде ұйым мүшелері онлайн форматта тағы кездесті. Мәселенің күрделілігін сезінген картөл мүшелері ақыры Біріккен Араб Әмірлігінің ұсынысын ішінара қабылдауға мәжбүр болды. Аталған елдердің Энергетика министрліктерінің келісімі бойынша

2021 жылдың соңына дейін мұнай өндіру әлемде тәулігіне 2 млн баррельге ұлғаятын болады. Кейін осы квотаны әрі қарай созуға уағдаластыққа қол жеткізілді.

Кикілжің неден туған еді? 2020 жылдың басына дейін Біріккен Араб Әмірлігі мұнай секторына өздерінің

1 млрд доллар көлемінде инвестиция салғанын, ендігі жерде сол шығыннан қайтарым күткісі келетінін мәлімдеп, әлемде экономикалық ахуал қалыпқа түскен сәтте өнімді өндіру көлемін ұлғайту қажеттігін айтқан еді. Экономикасы әртараптандыруға бейімделген мұнайды көп көлемде өндіретін саудиттер бұған келіспеді. Бірақ әлемдік мұнай нарығында лайықты орны бар бірқатар елдер мұнай өнімдерін ұлғайтуды қоспады. Қалай болғанда да сарапшылар осындай келісімге қол жеткізілетінін күткен болатын.

Ресей ә дегеннен өзіне тиісті экономикалық тиімділікті атап көрсетті. Өнім өндіруді ұлғайту

квотасы Ресейге 2022 жылдың соңына дейін қосымша 22-23 млн тонна мұнай өндіріп, бюджетке 400 млрд рубль түсетінін мәлімдеп үлгерді. Нақты есеп айтылмаса да Қазақстан экономикасына бұдан жаман болмайды. Айта кетейік, пандемия кезінде мәжбүрліктен мұнай өндіру көлемін төмендету жалпы алғанда экономикаға пайдамен бірге залалын қоса әкелді. Мұнай бағасы қымбаттағандымен, жұмыс істеп тұрған тұрақты өндірісті мәжбүрлеп тоқтату, оны кейін қайта іске қосу белгілі бір шығынды талап етеді. Мұнай өндірудің өзіне тән айрықша сипаты осындай.

2-бет

ҚОРШАҒАН ОРТА

Экологияны сауықтыруға арналған

Нақты кезеңде «Қызылорда» және «Әйтеке» су тораптарында қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұған қоса, облыс аумағында Сырдария өзені арқылы 6 тасқын және қашыртқы суды жинайтын жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Бұл су ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді және вегетациялық кезеңде оның тапшылығының алдын алады.



Осы жайында өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Оспанов айтты.

– Соның ішінде, Қараөзек арнасындағы 3 тоспаны (Байгелді, Картон-комбинат, Қожатай) қалпына келтіру жобасының құжаттамалары биыл мемлекеттік сараптамадан өткен соң Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, оны бастау бойынша жұмыстар атқарылатын болады.

Бүгінде Арал ауданындағы «Қамыстыбас-Ақшатау» көлдер жүйесінде күрделі жағдай қалыптасып отырғаны мәлім. Кейінгі жылдары Сырдария өзенінде су деңгейінің төмен болуына байланысты Қамбаш көлі жағадан 200-300 метр алыстап кеткен. Кей тұстары 500 метрге жеткен. Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиевтің

облысқа жұмыс сапары кезінде «Қамыстыбас-Ақшатау» көлдер жүйесін суландыру үшін Аманөткел ауылының тұсында су торабын республикалық бюджет есебінен салу мәселесі келісілді. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 13,8 млн теңге қаржы бөлінді, – деді Б.Оспанов.

Айта кететін жайт, аймақтың су тапшылығы жағдайында елді мекендерді суармалы сумен қамтамасыз етуге және экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бірінші кезектегі жобаларды іске асыру үшін министрлік пен облыс әкімдігі арасында Жол картасының жобасы әзірленгені белгілі. Ол бойынша жалпы құны 47 млрд теңгені құрайтын 17 жобаны іске асыру көзделіп отыр. Негізгі басымдық қосымша су көздерін ұлғайту, суды қайталама пайдалану және экологияны сауықтыруға арналған жобаларға берілді.

«СБ» ақпарат

ЕКПЕ АЛ!

Коронавирус күшіне мінді

Денсаулық сақтау министрлігі алдыңғы тәулікте 6119 адамнан коронавирус инфекциясы, 233 адамнан пневмония анықталғанын хабарлады. 22 шілдеде 64 адам коронавирустан, 10 адам пневмониядан көз жұмғаны белгілі болды.

Вирустың таралуы әсіресе Нұр-Сұлтан (1381), Алматы (996), Шымкент (488) қалаларында, Қарағанды (794), Атырау (489), Батыс Қазақстан облыстарында (235) өршіп тұр.

Кешегі мәлімет бойынша, 71 221 адам коронавирус инфекциясынан емделуде, олардың ішінде 21096 науқас стационарда, 50125 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда.

Індетке шалдыққандар арасында 1258 адамның жағдайы ауыр болса, 274 пациенттің жағдайы өте ауыр, ал, 166 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес 15 өңір, яғни, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары «қызыл аймақта». «Сары аймақта» Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары тұрса, «жасылда» бірде-бір өңір қалмады.

23 шілдедегі мәлімет бойынша елде вакцинаның I компонентін 5 054 970 адам салдырды, II компоненттен 3 075 907 адам егілді. Ал облыста 21 шілдедегі мәлімет бойынша вакцинаның I компонентін 207169 адам салдырса, II компонентпен 123599 адам қамтылды.

«СБ» ақпарат





● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӨНІРАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ӨРІСІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова Украина ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының академигі Николай Безуглый бастаған украиналық делегациямен кездесіп, аграрлық саладағы, оның ішінде күріш өсіру бойынша әріптестік мүмкіндіктерін талқылады.

Кездесуге Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ директорының міндетін атқарушы Нұрбол Аппазов, «Ер-Өлі» ЖШС директоры Әліби Бекжанов және украиналық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы Сыр еліне арнайы келген делегаттарға алғыс айтып, Қызыл-орда облысының табиғи-климаттық жағдайы Украинаның күріш өсіруші өңтүстік аймақтарымен ұқсас екенін атап өтті.

— Аймағымыз республика бойынша күрішке қажеттіліктің 90%-ін қамтамасыз етеді. Кейінгі жылдары шаруалар рекордтық өнім алып жүр. Мәселен, былтыр 500 мың тоннадан астам астық



жиналды, күріш өнімділігі 61,8 ц/га құрады. Одан бөлек, басты дақылымыз әлемнің 10 еліне экспортталуда, — деді облыс әкімі.

Атап өтейік, өткен жылы Украинаға Қызылорда облысынан 5,8 мың тонна

күріш жіберіліп, экспорт көлемі 1,6 млн долларды құрады. Быыл 5 айда 1,5 млн долларға 4,4 мың тонна күріш шығарылды.

Облыс әкімі аймақта негізінде ресейлік «Янтарь», «Лидер», «Новатор» сорттарымен қатар жергілікті «Маржан»,

«Әй-Керім», «Сыр сұлуы» өсірілетінін айтты.

— Мұнан бөлек, өткен жылдан бастап Жалағаш ауданындағы «Ер-Өлі» шаруашылығында украиналық «Виконт», «Фагот» және «Премиум» сорттары сына-

мадан өтті. Нәтижесі жаман емес. Күріш өнімділігі шамамен 90 ц/га құрады. Быыл жаңа сорттар 160 гектар жерге егілді, — деп атап өтті аймақ басшысы.

Өз кезегінде, академик Н.Безуглый Украина күздік бидай өсіру бойынша көшбасшы елдердің үнімізде екенін атап өтіп, бұл дақылды өңірімізде өсіруді ұсынды.

— Біз әріптестік орнатуға мүдделіміз. Жакын арада Қазақстан делегациясының Украинаға тәжірибе алмасуға келуі жоспарланған, сіздерді де елімізге келуге шақырамын. Дәнді дақылдарды өсіру технологияларымен, жоғары өнімді сорттармен бөлісуге дайынбыз, — деді делегация басшысы.

Кездесуді қорытындылаған облыс әкімі украиналық әріптестерінің жұмысына сәттілік тілеп, тиімді өңіраралық әріптестік орнатылатынына сенім білдірді.

Айта кетейік, украиналық делегация Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ҒЗИ басшылығымен өзара әріптестік мәселелері бойынша келіссөз жүргізіп, ауылшаруашылығы тауар өндірушілерімен кездеспек.

● БРИФИНГ

ГАЗҒА ҚОСЫЛҒАНДАР КӨБЕЙЕ ТҮСПЕК



Екі ай бұрын ғана Қазалы ауданының әкімі болып тағайындалған Мұхтар Оразбаев бүкіл елді мекенді аралап шықты. Бұл туралы ол өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде айтты.

— Ел игілігі үшін атқарылған жұмыс жетерлік. Алыс ауылдарға дейін асфальт жол салынып жатыр. Табиғи газ желісі тартылып, ауызсу сервистік желіге қосылуда. Бірақ бұл бізде проблема жоқ деген сөз емес. Су ұңғымаларын қазу, газдандыру, жайылымды кеңейту мәселелері кезек күттірмейді. Ең бірінші кезекте тұрғындарға қажет осындай дүниелерді қолға аламыз, — деді ол.

Халқы негізінен мал бағып, егін егіп күнеліктен бұл аудан үшін де осы жыл қиын тиіп тұр. Қыста қар, көктемде жаңбыр аз жауды. Сырдария өзеніндегі су көлемі де мардымсыз. Шаруалар соның салқынын сезді. Төрт түлікті алдағы суық мезгілде аман сақтау үшін 142 мың тонна шөп, 28,6 мың тонна жем қажет. Шөптің — 65, жемнің 20 процентін өздері қамтамасыз етпек. Ал жетіспейтін бөлігін өзге аудандардан әкелуге тура келеді.

— Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарындағы 5 шаруа қожалығымен келісім жасалды. Ауылдық округтерде 15 шөп дайындау бригадасы жасақталды. Қуаңшылық зардабын тартқан Арал ауданының бригадалары біздегі «Жалаңтөс батыр», «Сыр маржаны» шаруашылықтарынан шөп орып алып жатыр, — деді аудан әкімі.

Быыл 17 мың гектардан астам жерге егін егілген. Соның ішінде «РЗА» компаниясы су үнемдеу технологиясына көшті. Тамшылатып суару әдісімен 87 гектар жерге сүрлемдік жүгері егіп, жобаны бастады. Билығы қуаңшылық мал өлімін болдырмас үшін су ұңғымаларының

маңыздылығын көрсетіп берді. Ауданға 25 скважина керек болса, соның 4-і осы жылы Шөкен, Құмжиек ауылдарында салынбақ.

Жер кезегін күткендер санының ұдайы өсуі халықтың баспанаға мұқтаждығы артқанын көрсетеді. Бүгінде олардың саны 11 мыңға жуық. Осы орайда жыл басынан бері аумағы 17 мың шаршы метрден астам жеке үйлер салынған. Бұл өткен жылғыдан 15,7 процентке артық. Быыл аумағы 60 шаршы метрден кем емес 35 жалдамалы үйді сатып алу көзделіп отыр.

Қазалы қаласындағы 5,5 мыңнан астам абонент жыл соңына қарай от жағып, күл тасу машақатынан құтылады. Бұған дейін оның қызығын Әйтеке би кенті мен Мұратбаев ауылындағы ағайын ғана көріп келген еді. Енді Жалаңтөс батыр, Пірұмар және Басықара ауылдарын газдандыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Жергілікті билік быыл сапасы жақсы және қанағаттанарлық жол үлесін 75,6 проценттен 80,3 процентке көтеруге мүдделі. Оған ауыл арасы мен ішіндегі көшелер жағдайын жөндеу жұмысы мүмкіндік береді.

— Өткен жылдан бастап қала мен кент орталығындағы жолды кеңейту басталды. «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында Әйтеке би кентіндегі Мұқанов, Әбілқайыр хан көшелері қайта жаңғыртылады. Аймақаш шағын ауданынан автомобиль жолы салынады. Ең бастысы, биыл құрылысы 3 жыл бұрын басталған Кәукей ауылына дейінгі автомобиль жолын аяқтаймыз. Амаңдық болса, шалғайдағы ауыл тұрғындары асфальт жолмен жүретін күн де алыс емес. «Қарлаң» көпірінен Қожабақы, Қазалы қаласы мен «Әлсейіт» көпіріне дейінгі жолдарды да жөндеп бітіреміз. Ал Басықара мен Абай елді мекенінің аралығындағы 20 шақырым жолды жөндеу жалғасады, — деді М.Оразбаев.

Аудан экономикасы жылдан-жылға артып келеді. Жыл басында бюджет қоржыны 21,6 млрд теңге болса, 6 айда 22,7 млрд теңгеге жетті. Оның 1,9 млрд-ы — өз кірісі. — Кіріс көлемін ұлғайтудың бірден-бір көзі — жаппай кәсіпкерлікті дамыту. Жыл басынан бері өнеркәсіп кәсіпорындарында 7,6 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Өнеркәсіптің 82,9 проценті өңдеу өнеркәсібінің үлесінде. Алғашқы жарты жылда бұл салада 6,3 млрд теңгенің өнімі өндірілді, — деді аудан әкімі.

Есепті кезеңде 10 кәсіпкерлік нысан пайдалануға берілді. Былтыр облыс әкімінің тапсырмасы бойынша әзірленген «Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі даму жоспарына» сәйкес Қазалы, Арал аудандары ауыл шаруашылығы саласына негізделген топқа іріктелді.

Онлайн сауда 4 есе өсті

25 шілде — Сауда қызметкерлері күні. Айтулы күнге орай өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергеновтың жазысумен брифинг өтті.

Облыста өткен жыл қорытындысымен бөлшек сауда айналымы 312 млрд теңгеге құрап, кейінгі 10 жылда 4 есе өсім қалыптасты. Аймақта кәсіпкерлік саласында 326 мың адам жұмыспен қамтылса, оның 56 мыңы сауда саласында жұмыс істеуде.

— Олар — өз істерінің мамандары. Сауда қызметкерлерінің күш-жігерінің арқасында бұл сала дамып, облыс бюджеті толықтырылуда. Тауарлар мен қызметтер түрлері кеңейді. Сонымен қатар, халыққа қызмет көрсетудің заманауи форматтары енгізіліп, жаңа супермаркеттер мен қоғамдық тамақтану орындары ашылған. Әлеуметтік бағыттағы кәсіпорындар желісі дамып, жаңа жұмыс орындары құрылуда. Пандемия сауда саласының жағдайы мен болашағына көптеген өзгерістер енгізді. Ішкі және халықаралық деңгейде сауда секторы шекаралардың жабылуы мен жаппай карантин салдарынан зардап шекті. Дегенмен, карантин шаралары онлайн сауданың күрт дамуына үлес қосты.

2020 жыл қорытындысымен электронды сауда көлемі 1,5 млрд теңгеге құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 4 есе өсті, — деді Ф.Қожабергенов.

Сондай-ақ, басқарма басшысы пандемиямен күресте сауда саласының қызметкерлері вакциналауда ерекше белсенділік танытып отырғанын атап өтті. Өңірде 33 базар, 150-ден аса сауда орталықтары мен 3 мыңнан аса үй жанындағы дүкендер тіркелген. «LC Waikiki», «KFC» секілді әлемдік сауда дүкендерінің желілері, сауда орталықтары мен супермаркеттер келді.

Айта кетейік, кәсіби мереке тарихы 1966 жылдан басталады. Сол кезде мерекелік күн КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының қаулысымен ресми түрде бекітілген. Кейіннен ҚР Үкіметінің қаулысымен шілденің төртінші жексенбісі болып белгіленді. Бұл мереке елімізде ғана емес, сондай-ақ басқа елдерде, мысалы, Беларусь пен Украинада да бар.

«СБ» ақпарат

● ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Жайылымдық жер аз

Қызылордада облыстық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңес мүшелері бірінші кезекте төрағалыққа ұсынылған мемлекет және қоғам қайраткері Бакберген Досмамбетовтің кандидатурасын бірауыздан мақұлдады.

Сп Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Одан кейін Арал ауданындағы мал өліміне әкеп соққан төтенше жағдай жаңа төраға жетекшілік еткен жиынның негізгі арқауына айналды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ғалым Байымбетов Сырдария өзеніне судың аз түсуі мен қуаңшылық мал азығын дайындауға біршама кедергі келтіргенін айтты. Енді өңірдегі 534,7 мың түліктің қыстан қысылмай шығуы үшін 942,4 мың тонна шөп, 213,6 мың тонна құрама жем керек екен.

— Өз өніміміз есебінен 220 мың тонна жоңышқа, 172,5 мың тонна күріш сабаны, 8 мың тонна сүрлем дайындау жоспарланып отыр. Қалған 549 мың тоннасы шабындық шөбін ору арқылы қамтамасыз етіледі. Су тапшылығына байланысты күріштік көлемін 6,6 мың гектарға қысқарту, мал азығы түріндегі дақылдар алқабын 5,4 мың, жем-шөпке арналған дәнді дақылдар егісін 1,7 мың гектарға ұлғайту туралы шешім қабылданды. Нәтижесінде 17 мың тонна қор жиналуы тиіс. Қажеттіліктің 61,6 процентін жергілікті күріш өңдеу кәсіпорындары өтесе, жетіспейтін тұсын елдің өзге аймақтары есебінен жабамыз, — деді Ғ.Байымбетов.

Барлық ауданда қазір шөп ору қарекеті қызу. 100-ден астам бригада

құрылып, 200-дей техника тартылды. Игі іске еріктілер, «Жасыл ел» еңбек жасағының мүшелері, жұмыссыз жастар да күш жұмылдыруда. 21 шілде күнгі мәлімет бойынша сұраныстың 26,8 проценті дайын. Ал аймақтың шаруа қожалықтары «Азық-түлік корпорациясы» қорымен келісім-шартқа сәйкес 490 тонна арпа әкелуі тиіс болса, әзірге соның 425 тоннасын диттеген жеріне жеткізді. Сондай-ақ су арналарын тазалау, ұңғымалар қазу, шабындық-жайылымдарды суландыру шаралары қолға алынды.

— Мал азығының қымбаттауы қиын тиіп отыр. Осы мәселені реттеу және мал шаруашылығы өкілі бағасының көтерілуіне жол бермеу мақсатында Үкімет резервінен жем-шөп сатып алу шығынын субсидиялау үшін 1,7 млрд теңге қаржы бөлуге келісім алынды, — деді басқарма өкілі.

Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетов «қолдау шараларынан жеке шаруашылықтар мен мал егелері шет қалып жатыр» деген пікірге жауап берді.

— Біз оларға «өз күніңді өзін көр» деп отырғанымыз жоқ. Керісінше, көршілес облыс-аудандардан мал азығын алдыруға көмек қолын созудамыз. Оның ішінде тұрмысы төмен отбасылар, 5 ірі


қарасы, 10 қой-ешкісі бар азаматтар бірінші кезекте тұр. Қазіргі күні 4 мың тонна шамасында шөп таратылды, — деді ол.

Аудан басшысы мынадай статистиканы мысалға келтірді: кейінгі 30 жылда мемлекеттік қолдау есебінен төрт түлік саны 3-3,5 есе көбейген. Бизнестің 75 проценті мал шаруашылығына бейімделген. Статистика құлаққа жағымды болғанмен, жайылымдық жер көлеміне сәйкес келмейді. Енді оған қуаңшылық мәселесі екі есе кедергі.

Қоғамдық кеңес мүшесі Ерұлан Өмірсеріков аграрлық сала жұмыстың жөн-жосықсыз жүргізілуі кесірінен тығырыққа тірелгенін алға тартты.

— Мал басы неліктен кеңес өкіметі кезінде өспеді? Өйткені ауданның географиялық орналасуы оған мұрша берген жоқ. Жоспарлы жұмыс атқарылмаса, бүгінгідей хаос жағдай әлі де қайталаңады. Тәуелсіздік жылдары қисапсыз көбейген мал басын енді нормативке сәйкестендіру қисынға келе қоймас. Кім иелігіндегі түлік санын қысқартқысы келеді? Мал азайса, еттің құны да аспандап шыға келетінін қазірдің өзінде көріп отырмыз, — деді ол.

Кеңес мүшесі Айтқұл Шалғынбаева ауыл шаруашылығы — елдің жаны екенін айта келе, басқарманы ауа райының тосын құбылысы туралы болжамды ескермегені, осыған қатысты мәселелерді елеп-екшеп отырмайтыны үшін сыңа алды. Сала өкілі егін шаруашылығының жайымен жүріп, мұның бәрі назардан тыс қалғанын жасырған жоқ.



Инфляция үдерісінен не күтеміз?

Өнімді өндіру квотасын арттыру үлесі әр мемлекетте әртүрлі. Келісім бойынша 2022 жылдың мамыр айынан бастап Ресей мен Сауд Арабиясында мұнай өндіру көлемі түзілуіне 11-ден 11,5 млн баррельге, Біріккен Араб Әмірлігінде 3,1 млн баррельден 3,5 млн баррельге артады. Сондай-ақ Ирак, Кувейт мемлекеттерінің өндіру көлемі ұлғаяды. Сарапшылардың атап көрсеткеніндей, 2022 жылдың мамырынан кейін осы квотаға өзгеріс енгізілетін болады.

ОПЕК+ мүшелері осындай уағдаластықтарға қол жеткізді. Біз әлемдік пандемия зардабы әкелген қиыншылықтан бірте-бірте арылатын боламыз. Әлемде мұнай өнімдерін көптеп тұтынатын елдердің қатарында Қытай және Үндістан бар. Көп жағдайда сарапшылардың айтуынша, мұнай бағасының қолайлы деңгейде қалыптасуы осы елдердегі сұранысқа тікелей байланысты. Быыл мұнай



1-бет

бағасы қандай деңгейде қалыптасуы мүмкін? Әртүрлі болжамдар айтылуда. Оның негізі баррельіне 60 доллардан төмендемейді дегенге саяды. Балқым одан жоғары қалыптасуы да мүмкін. Барлығы әлем экономикасының қаншалықты жылдам деңгейде қалыптасуына байланысты болады. Әлбетте, әлем экономикасында күтпеген жағдайлар орын алуы әбден мүмкін. Сарапшылар әдетте осы қолайсыздықтан сақтанады. Көпшілікті тұтыну нарығындағы инфляция қар-

кыны мазалайды. АҚШ-тағы триллиондаған доллардың тұтыну нарығына тасталуы алаңдатады. Қазір елде бюджет тапшылығы 13-14 процентке жетті. Егер өңір тиімді көлемі 3,5-5 процент ретінде бағаланса, АҚШ-тағы бюджеттің тапшылығы бірқатар елге кері ықпалын тигізуі мүмкін. Доллар күзге қарай қымбаттайтын сынайлы. Егер қазірдің өзінде АҚШ-та инфляция 5,5 процент көлемінде болса, сарапшылар оның жылдар бойы қалыптасқан орнықты жүйенің бұзылуы деп

санайды. Бюджет тапшылығы ақшаның жетіспейтіндігінен болады. Ал егер ақшаны станокпен зырылдап басып шығарып, материалдық игілікке негізделмеген көлемі ұлғайса, қымбатшылық өзінен-өзі туындайды. Бұл негізі әлемде ақшаның күн сайын құнсызданып бара жатқанын айқындайды. Жалпы қымбатшылыққа әсер ететін негізгі факторлардың бірі — тұтыну нарығына ықпал жасайтын ақша тасқыны. Егер бір ғана Қазақстан экономикасына 2020 жылдың ортасынан бастап 2021 жылдың алғашқы айларына дейін халықты әлеуметтік қолдау үшін 3 трлн теңгеге дейін қаржы бөліне, билығы жылдың соңына дейін жалақының өсуі жана ақша тасқынын туғызады. Бұл, әлбетте, тұтыну нарығындағы қымбатшылыққа әкеп соғатыны сөзсіз.

Әзірге айтпағымыз осы. Әлем экономикасындағы жағдайдың өзгеруіне орай біз оқырмандарды тиісті хабарлармен қамтамасыз ететін боламыз.



Бағыты айқын, талабы мықтылар үшін «Болашақ» бағдарламасы ерекше мүмкіндік болды. Бүгінге дейін шекара асып, шетелде оқығандардың осалы жоқ. Кейінгі кезде іріктеу кезеңіне қатысты талаптардың өзгергені, ауылдан келген үміткерлерге жеңілдік қарастырылғаны туралы айтылып жүр. Өзгерістер турасында оқырманға жеткізу үшін «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Айнұр Кәрібозовамен сұқбаттастық.

«АУЫЛ БАЛАЛАРЫНЫҢ «БОЛАШАҚПЕН» КӨБІРЕК ОҚЫҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН»

– Айнұр Бағдатқызы, әңгімемізді бірден биылғы өзгерістерден бастасақ, Бағдарламаның іріктеу кезеңіне енгізілген талаптар қандай? Үміткерлер енді нені ескеруі керек?

– Өзіңіз дәл байқадыңыз, «Болашақ» бағдарламасында біраз жаңалықтар болып жатыр. Соның бірнешеуіне тоқталып өтсем деймін. Бірінші, жаңалық конкурстық іріктеу кезеңіне қатысты. Осы жылғы 4 мамыр мен 28 қазан аралығында үміткерлерден құжат қабылдау жүріп жатыр. Биыл стипендия тағайындауға арналған конкурстық іріктеу маусым, тамыз, қарашада – үш кезеңде өтеді. Бір ерекшелігі, құжаттар 24 сағат бойы тек электронды үкімет порталы арқылы қабылдануа. Екіншіден, биылғы стипендиаттардың алғашқы тізімі де жарияланды, яғни, жуырда ғана Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті. Комиссияның шешімімен 113 үміткерге «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Олар магистратура мен докторантурада оқиды, сондай-ақ әлемнің жетекші ғылыми және өндірістік орталықтарында тағылымдамадан өтуге жіберіледі. Дәл қазір аталған стипендиаттар келісім-шарт жасауды бастап кетті. Жалпы 2021 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқу үшін 1055 стипендия бөлінген.

– Жаңалықтың үлкені ауыл тұрғындарына берілетін жеңілдіктер секілді...

– Дұрыс айтасыз. Ол туралы сәл кейінірек. Үкіметтің 2020 жылғы 6 мамырдағы №271 қаулысын айтқым келіп отыр, яғни «Болашақ» стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына өзгерістер енгізілді. Жаңа ережеге сай енді барлығына тең мүмкіндіктер беру қарастырылған. Барлық квота санаттары жойылды. 2020 жылдан бастап стипендия тағайындау конкурсына ауылдық елді мекендерден үміткерлерді қоспағанда, шетелдік жетекші жоғары оқу орындарынан шартсыз шақыруы бар үміткерлер ғана қатыса алады.

– Біраз өзгерістер бар екен. Аудан, ауылда еңбек ететін мамандар үшін іріктеу кезеңінен өтудегі жеңілдіктерді айтқыңыз.

– Иә, әңгіме ауанын ауылға бұрайық. Өзім де ауыл баласымын. Сондықтан бағдарламаның осыған басымдық беріп отырғаны мені де қуантады. Ауыл балалары «Болашақ» арқылы көбірек оқығанын қалаймын. Себебі, жасыратыны жоқ, шалғайдағы жастар көбіне қала балалары қол жеткізген мүмкіндіктерге ие болмайды.

Ал шартқа келсек, аталған үміткерлер конкурсына ауылдық елді мекендерде кейінгі 3 жыл ішінде тұрған және кейінгі 2 жыл ішінде еңбек еткен жағдайда қатыса алады. Осыны ескеру керек.

Сондай-ақ, ауылдық елді мекендерден үміткерлер үшін бакалавр немесе маман дипломының орташа балының кемінде 2.67 (4.0/4.33-тен) GPA балына сәйкестігі талап етіледі. Алайда «Ауыл» санатына жататын үміткерлерге шетелдік ЖОО-дан конкурсына шартсыз шақыру ұсыну талап етілмейтінін атап өткен жөн. Оларды орналастырумен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ айналысады. Сонымен қатар, олар стипендияға ие болғаннан кейін ағылшын тілінен тілдік дайындық курстарынан өтеді. Тілдік дайындық мерзімі ел аумағында 6 айға дейін «British Council» секілді беделді ұйымда өткізіледі.

Бұл жерде айта кететін басты мәселе, конкурстан сәтті өтіп, стипендия иегері атанған осы санат өкілдері жылжымайтын мүлдікті кепіл ретінде ұсыну талабынан босатылған, яғни, стипендиат екі кәсіпкерді ұсына жеткілікті. Бұл – мемлекеттің ауыл тұрғындарына «Болашақ» аясында көрсетіп отырған маңызды қолдауы.

– Жақсы жаңалық екен. Биылғы

басты жаңалықтың бірі – «Болашақ» бағдарламасы аясында мәдениет және спорт саласы қызметкерлерінің тағылымдамадан өту санаты енгізілді. Сала өкілдеріне қандай талап қойылады, шетелде қай мамандықтар бойынша білім алады?

– Осы жаңалық туралы сөз қозғамас бұрын, «Болашақ» бағдарламасының аясында 500 ғалымның тағылымдамадан өткізуге мүмкіндік алғанын айтқым келеді. Бұл халықаралық тәжірибеден туып отыр. Ғалымдарымыз әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тәжірибеден өте алады.

Спорт және мәдениет қызметкерлерінің тағылым-дамасы мемлекеттің аталған сала мамандарына жасап отырған үлкен мүмкіндігі деп білемін. «Мәдениет және спорт саласындағы қызметкерлер» санаты бойынша үміткерлер шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының тізіміне кіретін шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, сондай-ақ мәдениет және спорт саласында танылған әлемдік салалық ұйымдардың базасында тағылымдамадан өте алады. Мәдениет және спорт саласындағы қызметкерлер басым мамандықтар тізбесінен мамандықтар бойынша, оның ішінде «Креативті индустрия» бағыты негізінде 13 мамандық бойынша тағылымдамадан өтеді. Ал тағылымдама мерзімі 12 айға дейін созылады.

Тағы бір айтатын мәселе, «Мәдениет және спорт саласындағы қызметкерлер» санаты бойынша тағылымдамадан өтетін үміткерлердің жалпы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болу керек. Оның кейінгі 12 айы тағылымдаманың бағытына сәйкес болуы қажет.

Қабылдайтын шетелдік ұйымның шартсыз шақыруы (қаржылық жағдайларды қоспағанда), оған қоса мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификаттың болуы қажет, яғни үміткер қазақ тілін В1 (KazTest) деңгейінен кем білмейді деген сертификат әкеледі. Тағылымдаманың және одан кейінгі еңбекпен өтеудің жиынтық мерзімі құжаттарды тапсыру сәтінде заңнамамен белгіленген зейнетақы жасынан тыс шықпауға тиіс. Айта кететін нәрсе, өз бетімен шартсыз шақыру хаты негізінде конкурсына құжат тапсырған үміткерлерге бакалавр немесе маман дипломының орташа балы есепке алынбайды және шет тілі білімі бойынша сертификат талап етілмейді. Стипендия иегерлері кепілдік нысаны – жылжымайтын мүлдікті ұсынуудан да босатылған.

– Биылдан бастап 500 ғалым бағдарлама арқылы әлемнің таңдаулы оқу орындарында докторантурада білімін жалғастырады. Бұл – бұрын болмаған мүмкіндік. Қай саланың ғалымдары қатыса алады?

– Жоғарыда бұл туралы айтып бастап едік, соны жалғастырайын. Жалпы бұл идея қайдан шықты? Болмаса ғалымдарды қолдаудың астарында не жатыр? Қазір өзіміз көріп отырмыз, әлемде ғылыми озған елдер дамиды, ал ғылыми артта қалған мемлекеттердің өркендеуі қиын. Сондықтан Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, биылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде 500 қазақстандық ғалым жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алғаны еліміздің бүгінгі ғана емес, ертеңін ойлаған ішкіміз қадам деп білемін. Үміткерлерге түсінікті болу үшін құжат тапсыру қадамын нақтылай кетейін.

Біріншіден, осы санат бойынша кез келген білім саласының ғалымдары тағылымдамадан өте алады. Екіншіден, «Ғалымдар» санаты бойынша үміткер шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының тізіміне кіретін шетелдік жетекші жоғары оқу орындары; әлемдік ғылыми-зерттеу орталықтары;

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



зерттеу компаниялары шеңберіндегі ғылыми ұйымдар, салалық және өндірістік, технологиялық ұйымдарда тағылымдамадан өте алады.

Үміткер тағылымдамадан өту үшін ұйымды таңдау кезінде өзінің ғылыми мүдделерінің бағытын, оны ұйымдастырудың ғылыми байланыстарын және таңдаған мамандығын басшылыққа алуы қажет.

Тағы айта кететін жайт, «Ғалымдар» санаты бойынша тағылымдамадан өтетін үміткерлер мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: жалпы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, оның ішінде кейінгі 12 ай таңдаған мамандану саласында болуы керек. Ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізуі, тағылымдаманың және одан кейінгі жұмыспен өтеудің жиынтық мерзімі құжаттарды тапсыру сәтінде заңнамамен белгіленген зейнетақы жасынан тыс шықпауы тиіс. Тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйымның шартсыз шақыруының (қаржы шарттарын қоспағанда) болуы, В1 (KazTest) деңгейінен кем емес нәтижесі бар мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификат болуы қажет. Ал бакалавр немесе маман дипломының орташа балы есепке алынбайды.

– «Болашақтық» түлектер жандандырды деп қандай салалары айта аласыз?

– «Болашақ» бағдарламасымен 28 жылда 11 мыңға жуық маман даярланды. Олар әлемнің үздік оқу орындарында білім алып, еліміздің әр саласында қызмет етіп жатыр.

– Оның ішінде сіз де барсыз...

– Иә, айтайын дегенім, «Болашақ» бағдарламасы көшбасшыларды даярлады. Іріктеудің барлық кезеңінен өту үшін тек эрудиция ғана емес, сонымен бірге табандылық қажет. Ал стипендияға ие болған соң шетелдік оқу орындарына өз бетінше түсуі қажет. Бұл – оңай процесс емес.

«Bolashaq Impact Report-1» зерттеу нәтижелері бойынша, жұмыс берушілердің 90%-і «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің көшбасшылық, моральдық-коммуникативті, кәсіби қасиеттерін жоғары бағалап отыр.

Мәліметке қарасақ, 11 мыңнан аса түлектің 52%-і орта және топ-менеджерлерге дейін өсті, оның ішінде 10%-і – өз кәсіпорындарының негізін қалаушылар немесе басқарушылар. Бағдарлама стипендиаттары экономикадағы сапалы өзгерістер саласындағы: денсаулық сақтау, адам капиталын дамыту, мемлекеттік басқару, инновацияларды енгізу және бизнес-процестерді оңтайландыру, мәдениет пен өнерді насихаттау саласындағы көшбасшыға айналды. Қоғамдық бастамаларды жүзеге асырып жатыр.

Зерттеу авторларының есептеулеріне сүйенсек, тек 2019 жылдың ішінде бағдарлама түлектері 213 мың медициналық операция жасады, 145 мың мектеп оқушысы мың студентті оқытты, мыңнан астам ғылыми еңбекті жариялады, 5 мың концерт ұйымдастырды және қатысты. Бағдарлама стипендиаттары Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептері, «Астана» халықаралық қаржы орталығы, бірқатар Ұлттық медициналық орталықтар, Astana-Hub, Astana IT University, Халықаралық жасыл технологиялар орталығы және басқа да стратегиялық маңызды жобалардың басталуында маңызды роль атқарды. Инвестициялық жобалар, сонымен қатар көптеген мұнай және газ кен орындарын іске қосуда үлесі бар. Өңірлерде де еңбек етіп жатқан «Болашақ» түлектері аз емес. Түлектердің аймақтарға тартылуы соңғы кездегі оң өзгеріс екенін де ерекше айтқым келеді. Дегенмен беріліп отырған мүмкіндіктерді егжей-тегжейлі зерттеп, ауыл жастарын шетелде оқу арманын «Болашақ» шеңберінде жүзеге асыруға шақырамын.

– Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға көп рақмет!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

«Aqyl» депозитінің артықшылығы

«Қудайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десен оқыт, мал аяма!» Ұлы Абайдың қанатты сөзі қазақтың бар малын сатса да баласын оқытуға даяр екенін көрсетеді. Қоғамның бұл көзқарасын мемлекет те ескеріп, бірнеше жыл бұрын тиімді жол ұсынды. Ол – білім беру депозиті. Баланың болашағына қажет қаражатты миллионға дейін жеткізуге көмектесетін жүйенің бүгінгі аяқалысы қалай?

Мәліметтерді парактасақ, АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Сингапур, Бельгия, Малайзия, Нидерланд, Испания, Швеция секілді дамыған елдерде білім беру жинақтау шоттарының жүйесі сәтті жұмыс істеп тұр. Ал, бізде 2014 жылы «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заң негізінде қолға алынды. Ол әр азаматқа баласының атына болашақта Қазақстанда, шетелде кәсіптік-техникалық және жоғары білім алу үшін оқу ақысын төлеуге пайдалануға болатын салымды ашуға мүмкіндік береді. 2018 жылды өткен ребрендингтен кейін жинақтау салымдары «Aqyl» деген жаңа атауға ие болды. Ал, биыл 13 шілдедегі дерекке қарағанда, қазақстандықтар осы жүйе бойынша 16 мыңнан астам депозит ашқан. Жинақтау салымдарының жалпы сомасы – 22,3 млрд теңге. Осы орайда оның артықшылығы неде деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл ретте Білім және ғылым министрлігі жүйенің әдеттегі депозиттерден бірнеше тиімді тұсы барын атады. Басты артықшылығы 9%-ке дейінгі банктік сыйақыдан басқа салымдарға мемлекеттік сыйақы есептеледі. Ол халықтың әлеуметтік осал топтары үшін де қарастырылған. Сондай-ақ, жинақтау салымдары

жасауға жол ашады. Жас ерекшелігіне шектеу жоқ, тіпті сіз өзіңізге де аша аласыз. Халық банкінің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 10,4%, Цеснабанк 8,3%, ВТБ банк 6,17% құрайды. Банктердің процент мөлшері нарықтық, сондықтан уақыт өте көбеюі, төмендеуі де мүмкін. Бірақ банкпен келісім-шарт жасасқанда, оны бір қалыпта ұстауды қалайтынныңызды көрсетуге болады. Сонда сол жылдар ішінде ешбір дағдарыс сіздегі проценттік сыйақы мөлшеріне әсер етпейді, – дейді менеджер Рахым Сұлтанбек.

Сонымен қатар салымшылар ақшасын қалаған уақытта ала алады. Өйтсе де, жинақталған қаражат мерзімінен бұрын өз мақсатына сай жұмсалмаған жағдайда мемлекет сыйақысы кері қайтарылады. Себебі, бұл белгілі бір бағыты бар депозит, яғни білім алу үшін жиналған қаражат білімге жұмсалмаса, онда мемлекеттік сыйақы берілмейді. Ал, банктің беретін сыйақысы қалтаңызда қалады. Ақша өз мақсатына жұмсалса және балаңыз грантка түсіп кетсе де, қос сыйақыны қатар иемденуге болады. Сондай-ақ, «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» 2013 жылғы Заңға сәйкес, салымшы қаза болса, сот оны әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кеткен деп таныса, қайтыс болса немесе денсаулық



депозиттік нарықта ең жоғары кіріске ие. Өйткені, жүйені депозиттерге кепілдік беру қоры сақтандырған және мемлекет пен үшінші тұлғалар тарапынан да кез келген шектеулер, өндіріп алулардан қорғалған.

ЖИНАҚТАЛҒАН ҚАРЖЫНЫ ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Толыққанды түсінікті болу үшін біз «aqyl.fincenot.ru.kz» сайтында депозит калькуляторына салып, есептеп көрдік. Мәселен, балаңыз бірінші сыныпта оқиды делік. Сіз ай сайын 10 мың теңге салып отырсаңыз, ол 11-сыныпқа барғанда, яғни 10 жылдан кейін 1 млн 200 000 теңге жинақталады, оған 10,4 процент банктің және 5 процент мемлекеттің қосынды, сонда мектеп бітірген балаңыздың қорында шамамен 2 млн 906 980 теңге жиналады. Егер балаңыз грантка түссе, қаражатты қос сыйақымен қоса басқа игілікке жұмсауға мүмкіндік бар. Бұдан бөлек, 8 800 802 828 нөміріне қоңырау соғып, «Aqyl» депозиті бойынша жауапты менеджерден серіктес банктердегі білім беру депозиттері бойынша проценттік мөлшерлемені сұрап білген едік.

– Білім және ғылым министрлігі мен оған қарасты «Қаржы орталығы» АҚ-ның ресми сайттарында «Aqyl»-ға үлкен мән берілді. Білім депозиті жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдендіреді және 10 млн теңгеге дейін салым

жағдайына байланысты оқуын жалғастыруға қабілетсіз болса, білім беру жинақтау салымын төмендегідей талаптар бойынша өтей алады. Салымшы ҚР Азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен оның заңды өкілі немесе мұрагерлері кез келген үшінші тұлғаның пайдасына ашылған білім беру жинақтау салымына жібереді. Мемлекет сыйақысы сақтала отырып, салымшыға ҚР Азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіп пен жағдайларда оның заңды өкіліне немесе мұрагерлеріне салым шартын бұзу талаптары бойынша төленеді.

ТАНДАУ ӨЗІҢІЗДЕ!

Дүкенге кірсеңіз, 10 мың теңгені небәрі 10 минутта қалай жұмсап жібергеніңізді аңғармай қалуыңыз мүмкін. Бұл ретте экономист-сарапшылар жиған-тергеннің ретін келістіріп, болашаққа бағыттау маңызды деп біледі. Қазір көптеген ата-аналар да мамандардың пікіріне сүйене отырып, баласының болашағын «Aqyl»-ға сеніп тапсырған. Қала тұрғыны Гүлмира Қылышбаева да биылдан бастап ақша жинақтауға кіріскенін айтты. Алайда, қоғам болғасын пікір сан алуан. Енді бір ата-аналар білім беру депозиті тек теңгеді ашылады және ол 10 миллион теңгеден асып кетпеуі керектігін, ал бұл ретте теңгені девальвациялануы күмән тудыратынын жасырмай отыр. Қалай десек те таңдау әркімнің өз еркінде. Бірақ, болашаққа бүгіннен бастап инвестиция салу кім-кімге де артық етпейтіні анық.





РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ


● ТАҒЫМ



*Көп адам дүниеге бой алдырған.
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған!*

Абай

«Мың қарғадан бір сұңқар» досым еді



Иә, кеше ғана ұлағатты ұрпақ тәлім алар сындарлы сыра толы сүлей сөздің иесі, айдынды Аралдың тереңнен түлеп ұшқан сұңқар досым, Қазақстан Журналистер, Жазушылар одағының мүшесі, Арал ауданының Құрметті азаматы Айжарық Сәдібекұлының 80 жылдық торкалы тойын аудан, облыс әкімдігінің бастауымен ел болып құрметтеп өткізген едік.

Арада жыл өтпей жатып рухтас, сырлас досың дүниеден өтті дегенде сенер-сенбесімзді білмей дағдарып қалдық. Алдында ғана мадақтап жыр жазып, енді жоқтап жыр жазуға қия алмай, кеудемізді өксік буып, дәтіміз шыдамады...

Уа, жалған дүние-ай! Айкең 80 жылдық мерекесіне орай қасына қаламдас іні-достарын ертіп, өзінің туған жері – Көкарал, Ақбасты, Құланды балықшы ауылдарына барып, үлкен-кіші, жерлестерімен сәлемдесіп, пікірлесіп, хал-жағдайларын біліп, өзінің сағыныш толы отты сөздерімен рухани дем беріп қайтып еді. Қайран, Айжарығым! Сонда туған жерімен, ел-жұртымен қоштасып, бой жазып жүр екен ғой.

Айжарық Сәдібекұлымен достығымыз сонау 1968 жылдан басталды. Сол жылы Айжарық өмір бойы қадір тұтып өткен аяулы жары Марияшпен бас қосып, Қызылорда қаласының Шевченко көшесінде тұратын. Өзі «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің редакциясында қызмет істеп, мазмұнды мақалалары, өзекті әңгіме-очерктері аудандық, облыстық, республикалық баспасөзде жарияланып, елімізге таныла бастаған. Сол кезде

баспаханадан топтама, жеке кітапша етіп шығарып аймаққа таралатын.

Елдегі көркемөнерпаздардың аудандық, облыстық байқаулары тұрақты үрдіске айналып, киелі «Сыр елі – жыр елі» атанып, облысымыздың өнері мен мәдениеті, әдебиеті мен поэзиясы өркендеп дами бастаған кезеңі еді.

1968 жылы облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры, елімізге белгілі дарынды драматург-жазушы Оразбек Бодыковтың тікелей қолдауымен 10 әнім «Шалқар теңіз сыр шертеді» атымен баспаханадан жеке кітапша түрінде шығатын болып, соған байланысты мені Қызылордаға шақырған. Ол кезде Арал аудандық мәдениет үйінің Қазанғап атындағы халық оркестрінің көркемдік жетекшісі болып қызмет істеймін. Сол сапарда Айжарықпен танысып, үйіне шақырып, қонақжай Марияштың қолынан дәм татып, түн ортасы ауганша маған Құрманғазы, Қазанғаптың, өзімнің тырнақалды күйлерімді тартқызып, ұзақ сырластық. Сонда Айжарықтың менің тартқан күйлерімді ұйып тыңдап, олардың мазмұнын терең түсініп бағалайтыны, сындарлы сұрақтары мен ойлы сөз саптауы, салмақты сырбаз мінезі таңғалдырып, өзіне еріксіз баурап алды.

Марқұм әкем айтқан мың қарғадан бір сұңқар досым екеу болды деп қуандым. Алғашқы сұңқар досым Аралдағы арқалы ақын, жалынды журналист Серік Сейітмағанбетов болатын. Айжарық та Серікті жақсы білетін досы екен. Үшеуіміздің де тағдыр-ғаланымыз, дүние-танымымыз, өмір-тіршілігіміз, қоғамға

көзқарасымыз, кейбір мінез-болмысымыз ұқсас болып шықты. Оның үстіне бір жылғы құрдасып.

Не керек, үшеуіміздің достығымыз отбасылық қарым-қатынасқа жалғасып, одан әрі беки түсті. Бір қызығы, отбасымыздың ұйытқысы, берекелі анасы Марияш та, Күләй да, Базар да ақжарқын мінезді, дастарқандары ашық, қонақжай, абзал жандар.

Рухани байлығы мықты үш достық парасат-пайымы, таным-талғамы жоғары, ақыл-ойы

тереңдеуі Айжарық болып көрінетін. Өйткені біз оны ақылшы ағадай тыңдап, құрмет тұтатынбыз.

1990 жылдың 5-6 қаңтар күндері Алматы орталық концерт залында Қазақстан телерадиокомитетінің төрағасы, белгілі қайраткер Сағат Әшімбаевтың бастамасымен, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сейілбек Шаухаманов, Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Балтабай Ақпенбетовтің қолдауымен «Арал шақырады!» атты екі бөлімді шығармашылық кеш өтті. Оған Халық қаһарманы, бұлбұл әнші Роза Бағланова бастаған өнер қайраткерлері, Қазанғап атындағы халық оркестрі қатысып, орталық телевидениенің «Алтын қорына» жазылды.

Осы кешке Айжарық жұбайы Марияшпен бірге тілекші болып қатысып, шынайы достықтың үлгісін көрсетті. Сахнаға шығып құттықтап, рухани дем берді.

Сол үлкен қуанышты сапардан қайтып келе жатқан жол үстінде шабыт тербеп, жүрегімнен жана бір керемет күй жарып шыққан-ды. Ол күйді Қазанғап оркестрінің ұжымына арнап «Қазанғаптың төкпесі» деп атағым келген. Осы оймен Айжарыққа тыңдатқанымда: «Паһ, шіркін! Күй болғанына! Күйдің үні, мазмұны өзінің мінез-болмысына, тартыс-талантына сай келеді екен. «Мұраттың төкпесі» деп ата!» деген. Сол атаумен бұл күйім көптеген дарынды күйші-домбырашылардың орындауында бүкіл елімізге танымал болды.

Сан қырыл сөз шебері қайран Айкең әсерлі әндер мен құдіретті күйлерді

де тыңдау арқылы мазмұнын түсініп бағалайтын таңғажайып тұлға еді. Айжарықтың досқа, өнер адамдарына деген жанашырлығы туралы мына бір қызықты жайтты айтайын. 1994 жылдың 12 қазанында Қазақстан телерадиокомпаниясының төрағасы Шерхан Мұртазаның басшылығымен, облыстық телевидениенің төрағасы Әбдіжәлел Бәкіров пен Арал ауданының сол кездегі әкімі Биғали Қаюповтың ұйымдастыруымен Қызылорда қаласында менің «Домбырам, қане, жырлашы!» атты шығармашылық кешім өткізіліп, телевидениенің «Алтын қорына» жазылды.

Кештің дайындық күні телевидениенің бухгалтериясы мені авторлық еңбекақымен (гонорар) алуға шақырды. Қол қойып жатып: «Рахмет сіздерге! Мынадай нарықтық қиын уақытта Роза Бағланова, Нұрғали Нүсіпжанов, Мадина Ералиева бастаған өнер қайраткерлері келіп жатыр. Соларды күтіп, қайтаруға жұмсаңыздар!» деп ұсынған қаражатты өздеріне қайтарып шықтым.

Сол сәтте басқа бөлмеден бір қыз келіп: «Сізді Айжарық аға телефонға шақырып жатыр» деді. Барып телефонды көтердім. «Әй, Қожанасыр!» – деді ашулы дауыспен Айжарық. «Тізең жылтырап жүріп сенікі не мырзалық?! Суытпай тұрып тез бар да, еңбекақыңды қайтып ал!» деді. Мен тез арада қалай білгеніне таңғалып: «Айеке, олар сұраған жоқ, мен өз ықыласыммен бердім, ала алмаймын» деп едім, «Жоқ, сөзді қой. Мені күт, қазір барамын» деді бұйыра сөйлеп. Мен «Айкеден ағажанға» көштім.

– Айеке! Ағажан! Ән-күйлерімді орындап, кешімді көрікті етуге сонау

астанадан, жер-жерден Роза апам бастаған қаншама өнер қайраткерлері келіп жатыр. Соларды күтіп-баптауға көмегім болсын деп өз ниетіммен қайтардым. Келмей-ақ қой, мені ұятқа қалдырма, – деп жалындым.

Ол: «Әй, Қожанасыр досым-ай!» деп тұтқаны қойды. Ертенің отбасымен кешіме қатысып, қуана қол соғып, ақ тілегін айтып, бірге болды. Осыдан кейін Айкеннің мен және менің отбасылық ансамблім туралы «Шалқар шабыт», «Сағаттың жарқылы» тақырыбымен жазған әңгіме-очерктері «Сыр бойы», «Ақмешіт апталығы» газеттеріне жарияланды Кейін оны «Жұмыр жерде біз бармыз» кітабына енгізіп, мерейімізді өсірді.

Асылы, Айжарық Сәдібекұлы парасат-пайымы мол болмысымен, талғам-талантымен туған елге, жерге, оның әр саладағы көшбастар азаматтарына деген сенім, сүйіспеншілікке толы қалың оқырманға түрлі ой салар ұлағатты сөздерімен, халқымен бірге жасай беретіні анық.

Оған сонау 1969 жылы қазақтың белгілі талантты жазушысы, сындарлы сыншы Зейнолла Серікқалиев: «Бұл – нағыз парасатты жазушының қолтаңбасы» деп баға берген «Теніз түкпірінде» атты тұңғыш повесінен бастап мемлекеттік тапсырыспен Алматыдағы «Қайнар» баспасынан шыққан «Бал айы» романтикалық кітабы, 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясынан шыққан «Жұмыр жерде біз бармыз», 2018 жылы шыққан «Парасат майданы» атты таңдамалы томдықтары, толығымен туындылары айқын дәлел.

Дегенмен, Айжарықты ана пәни дүниеге қимаймыз. Қимағанмен тағдырдың жазымына амал бар ма?!

Бір күмілдей болмай-ақ өмір бекер, Жүз жасаған пенде де өтер, кетер. Арман бар ма адамда болашаққа Өнегелі сөзімен жыр боп жетер! – дейміз де, Аллаға тәуба қылып, шүкіршілік етеміз.

Адамзаттың асыл абзалы Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың хадисінде Жаратушы ұлы Алла: «Артында өнегелі сөздері мен үлгі алар салықалы ұрпақтары бар пенделерді жақсы көремін» деген сөз бар екен. Иншалла, рухтас, армандас Айжарық досымның мәңгілік мекені жұмақтың төрі болғай!

Мұрат СЫДЫҚОВ,
күйші-композитор,

Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері,

«Құрмет» орденінің иегері,
Арал ауданының Құрметті
азаматы

Бүгінгі заман – ақпарат дәуірі. Жаңалық ашу, жаңалықты жеткізу, өндірістік технологияны қарқынды дамытуға, өндірісті ұлғайтуға, өнім шығаруды арттыруға, табыс көзін көбейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан ақпарат – аса өлбес ресурстарды, оның ішінде еңбек күші мен ой-сана еңбегін жұмсамай-ақ қаржыны үнемдеу мен одан әрі көбейту көзіне айналды. Азаматтардың

үрдістері пәрменді түрде кеңейіп келеді. Осы тұрғыда Сыр бойы қазақтарының санасындағы құндылықтық-идеялық ұстындардың қалыптасуы және жаһандану жағдайындағы жаңаруының салт-санаман ортақ тұстарына баса назар аударуға болады. Себебі, рухани кеңістікте ұлттық мәдениетіміздің төлталмалық мәйегі, дәстүрлі жәдігерлері барынша бірегейлікпен сақталған.

Сонда ғана дамыған елдердің дабырына еліккен тобырлық мәдениетті емес, заманауи экономика, сандық технологияға көшкен күрделі ақпараттық қоғамда ғаламтор мен әлеуметтік желілерді тиімді пайдаланып, құндылықтарымызды сақтап және тасымалдай аламыз.

Өз құндылықтарымызды сақтап қала білгеніміз – біздің басты жетістігіміз. Құндылықтар

ғылымға бөлінетін қаржы жалпы ішкі өнімнің 1%-не тең болатынын айтты. Осы ретте өңірдегі ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды жүйелеп, әрбір ғылыми жұмысқа қатаң талап қойылуға тиіс. Сондай-ақ оның нақты әлеуметтік-экономикалық, өндірістік және техникалық қайтарымы болуы қажет. Соның ішінде өңірлік ғылымды дамыту үшін химия-биологиялық зерттеулер, агро-өндірістік ғылым, «жасыл» технология, жасанды интеллект, энерготімділік сияқты салаларға

ететін бірқатар жүйелік алғышарттар мен қауіп-қатерлер бар. Негізгі факторларды екі категорияға бөліп қарастыруға болады. Алғашқысына, мамандарды дайындауға деген талаптардың сипаты мен жылдамдығын өзгертетін объективті жаһандық трендтер кіреді. Мәселен, кәсіптерді өзгертіп, жоятын, тіпті, жаңа мамандықтардың пайда болуына алып келетін технологиялық өзгерістердің үдемелі жылдамдығы, толассыз цифрландыру сияқты. Екінші категория бірінші санаттан шыққан факторларға жауап бере алмаудан туындайтын жағымсыз салдарды білдіреді. Мысалы, кадрлар қажеттілігін болжау жүйесінің жоқтығы, біліктілік

бұрынғыдай тұрақты табыс көзі ғана емес. Әрине, бұл бүкіл әлемнің даму үрдісі ретінде жаһан жылдамдығын одан әрі күшейтіп, аса күрделі құралдар мен жабдықтар дамып келеді, әлеуметтік-саяси жүйе өзгеруде. Осы құндылықтар өзгерістері мен жаңалықтардың барлығы еңбек нарығына әсер етіп, оған жағдай жасайды. Демек мұндай өзгерістерден кейін жұмысқа қойылатын және тұлға факторына қатысты талаптар да өзгереді. Өлемнің әлді мемлекеттерімен иық тіресуіміз керек, алайда оған біздің әлеуетіміз бен әлепкі дайындығымыз қандай?

Әлем тез дамып келеді. Жаңа мамандықтар пайда болып жатыр. Соның көбі біздің қоғамға бейтаныс. Ал қазіргі жастар жаңа салада жұмыс істегісі келеді. Жаңа заманның талабына сай маман атану табысқа жеткізеді. Демек, біз өңіріміздегі мамандықтарды таңдау барысында болашақта азаматтарды жұмыссыз қалдырмауға әрекеттенуіміз керек.

Осы себепті Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары еңбек нарығына талдау жүргізді, білім беру саласындағы мамандарды тарта отырып, көптеген жаңа білім беру бағдарламаларын қайта қарады және жасады. «Агрохимия және агроөнеркәсіп», «Сандық журналистика», «Пилотсыз авиациялық жүйелер», «Қаржы технологиялары», «Менеджменттегі цифрлық трансформация», «Бизнес аналитика», «Сандық дизайн» атты жаңа білім беру бағдарламалары әзірленді.

Нарықтық экономика жағдайындағы тұлғаның құндылықтарға бағдарлануының дамуы әртүрлі, бірақ өзара байланысты процестермен қатар дамып отырады. Бұл мәдени ахуал мен жағдайды кемелдендіруге өзіндік септігін тигізгіп қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы құндылықтар мәдениетінің қажетті деңгейде қалыптасуына игі ықпалын тигізгіп, болашақтағы ұлттың эстетикалық жетілуі мен қоғамның бірігуі үшін қазіргі әлеуметтік саланың жаңаруы мен өзгеруі кезеңінде үлкен маңызға ие болады.

Жарқынбек ӘБІКЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің
кафедра меңгерушісі,
PhD

Еңбек нарығы және мамандық

өнеркәсіпті дамытуға, шығынды азайтуға, өмірді жақсартуға арналған жаңалықтары елімізге де, оның авторына да пайда әкелуге тиіс екені белгілі. Ол үшін отаншылдық, отансүйгіштік қасиеттерімен қоса қауіпсіздік шараларын күшейту аса маңызды. Ал жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу отбасынан, балабақшадан басталуы тиіс.

Осы себепті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған мақаласында еліміздің басты құндылықтарына дәл уақытында баса назар аударды. Мемлекет басшысының елді сүю, жерді сақтау, қазақтың тілінде сөйлеу және әр азаматтың елдің дамуына атсалысуы тұрасында айтқаны өте маңызды.

Әрбір халықтың құндылығын құрайтын мәдениеттің түп-тамыры осы елдің пайда болу және қоғамдық даму барысында қалыптасқан салты мен дәстүріндегі ұстанған заттарында жатқаны белгілі. Жалпы барлық отбасының ұстанатын өзіндік қағидалары, дәстүрлері бар және ол дәстүрлер белгілі бір құндылықтар жүйесіне сүйенеді. Дәл осы құндылықтар арқылы отбасының қандай үлгіде екенін анықтауға болады.

Сыр өңірінде отбасы институтындағы дәстүрлі мәдени құндылықтарға негізделген қарым-қатынастар қазіргі қоғам аясындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен үйлесіп отырып, дұрыс бағытта дамып келе жатыр.

Қазіргі кезде жаһандану құбылыстарының ауқымы, әлеуметтік дүниенің жаңғыру мен жаңару

Осы тұрғыдан алғанда эстетикалық құндылықтарға негізделген ұлттық болмысымыздың басымдық танытатын мәдениетке толықтай жұтылып кетпей әрі қарай өрбуі ұлттық келбеттің болашағы үшін маңызды. Осы мағынадағы әлеуметтік қауіптер мен келешекке деген күмәнданулардың бар екені анық. Әрине, жаһанданудың сын-қатерлері кез келген әлеуметті қыспаққа алады, оның ішкі әлеуетін өзіндік сынақтардан өткізеді.

Сыр өңірі халқының жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желіге қатысуы бұл – басқа адамдармен және мәдениеттермен байланыс орнатудың мүмкіндігі ғана емес, сонымен бірге өсіп келе жатқан әдеттер желісі және жаңа құндылықтардың тасымалдануы. Сондықтан бізде де коммуникациялық қатынастар жаңа құндылықтық жүйелердің орнығуына байланысты күрделене түседі.

Дегенмен жаһандану үдерісі – ешкім де тоқтата алмайтын өсімтал әрі жанды құбылыс. Дүниені жайлаған біртұтас ақпарат толқыны, ғаламтор мен әлеуметтік желі түрлері, осы үдерістің жағымсыз әсерін еңгедете түседі. Оның нәтижелері әлемдік экономикаға ғана емес, әр ұлттың сәулет өнері мен этнографиясына, әдебиеті мен мәдениетіне, тілі мен тұрмыстық салт-дәстүрлеріне ықпал етпей қоймайтыны анық. Бұған қарсы тұратын жалғыз күш – ұлттық иммунитет қана. Ұлттық менталитеттің берік сақтаған ел ғана жаһанданудың жойқын шабуылына тосқауыл қоя алады.



объективті жүріп жатқан мәдени даму үдерісінің мән-мағынасы мен бағыт-бағдарын нақтылап отырады.

«Еңбек қылмай ер, бірлік қылмай ел биікке шықпас» дейді халық даналығы. Еңбек етіп, маңдай терлетсек, берекесі біріктіріп сақтасақ, аймағымыз ажарланып, ырысымыз молайып, табысымыздың арта түсері сөзсіз. Бұған баршамыз мүдделіміз. Аймақтағы дағдарыс қарсы шараларды жүзеге асыруда бірлесіп, тізе қосып, ынтымақтасып атқарар шаруаларға өңірдің ғылыми қауымдастығы да өз ықпалын тигізуде. Себебі елімізде ғылым мен білім сапасын арттыру тұрғысындағы бағыт-бағдар нақтыланған. Президент 2025 жылы елімізде

ерекше мән беріп, қаржы бөлу керектігі нақтыланды.

Дәл осы зерттеу бағыттары болашақта өңіріміздің даму нүктелеріне, ғылымды қажет ететін экономиканың қозғаушы күшіне айналатыны сөзсіз. Ұлттық инновациялық жүйенің даму дәрежесі өз кезегінде тұрақты экономикалық өсудің негізін құрайды. Осы орайда өңіріміздегі білім мен ғылымның флағманы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті экономиканың дамуына нақты үлес қосатын жобаларды дайындады.

Қазір экономиканы адекватты кадрлық ресурстармен қамтуға кедергі келтіретін, еңбек ресурстарының ағылуына және жеке тұлғаның өмір сүру сапасына, экономикалық жағдайына әсер

● ШЕЖІРЕ

Ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бері тарихымыздың байырғы және ерте ортағасырлық кезеңін зерттеу ісі жыл өткен сайын ілгерілеп келеді. «Тарих – елдің рухани іргетасы, ұлттық мәйегі» десек, қазақ халқы өз тамырын сонау ерте замандардан бастаған және орта ғасырларда сабақтастығын тауып бүгінге жеткен-ді. Түбі бір түркітекті халықтар қатарында қазақ халқы да сол тарихты мирас етіп отыр. Біздің өткенімізді байырғы түріктерден бөліп қарау мүмкін де емес.

Оғыздардан жеткен құнды жәдігер



Қазақ тарихымен қатар, оның ауыз әдебиетінің қайнары да Оғыз мемлекеті тұсында қалыптасқан. Бойдағы жауынгерлік қасиеті, елі мен жерін қорғау ұғымы сонау ғұндардың Меде қағаны, аңызға айналған Оғыз қаған мен Күлтегін, сол замандардағы батырлық пен ерлікке негізделген өсиет жыр-дастан ескерткіштерінде жатыр. Оғыз мемлекеті Орталық Азия аукумында құрылған және түркілік құндылықтарын сақтап қала алған алғашқы мұсылман мемлекеттерінің бірі екені белгілі. Орталық Азия тарихының оғыздар кезеңі жалпы түркілердің және қазақ тарихында маңызды орынға ие. Ғалымдардың пайымдауынша, жалпылама хабар-ошарымыз болғанымен, оғыздар кезеңінің сыры әлі де болса ашық зерттелмеген. Тіпті, дереккөздердің аздығы және оған белгілі-белгісіз себептермен көңіл бөлінбеді деп айтылса да, Сыр өңіріндегі іргелі зерттеулер Қорқыт ата атындағы университет пен Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты, Ресей Федерациясы тарапынан маман ғалымдарының қатысуымен жылдар бойы жүргізіліп, өз жалғасын тауып келеді.

Оғыз мемлекеті VII-XII ғасырлар аралығында онтүстік-батыс Сібір, Жетісу, Қашқар, Сырдария мен Арал көлі аралығына иелік құрғаны тарихтан белгілі. Дерек көздерінде әуелгі кездері ең басты орталықтары Жетісу мен Ыстықкөл маңы, Барсхан шахары, кейіннен Сырдарияның орта ағысына қарай ауысқанда Сығанақ, Жент пен Жанкент қалаларында болған. Сырдарияның ортаңғы ағысынан Аралға, одан Маңғыстауға, Каспий (Хазар) теңізіне дейінгі территорияны өз иелігіне бағындырып, шаруашылық икеміне қарай мемлекет орталығы санаған оғыздар өздерінің көшпелі ордасын тактика-стратегиялық жағынан бекіністі жерлерге орналастыруы да ерекше құбылыс деуге болады. Орталық Қазақстан аумағында да көшпелі тұрмысқа бейім оғыз заманының бекіністері жүйінде Ә.Марғұлан атап көрсеткен. Оғыздардың басым бөлігінің XI ғасырдағы Қыпшақ мемлекеті мен түркі-монғолдық жаңа саяси күштердің шапқыншылығына ұшырап, оған қоса оғыздар мен селжук арасындағы (Шағарыл-бек пен Тоғрулбек бастаған) саяси күштердің қарама-қайшылықтарынан Ғыш Азия мен Шығыс Еуропаға қарай ығысып кеткені белгілі. Осман империясындағы қалыптасқан кенсе қызметі Қазақстан территориясын қоныстаған сонау оғыздар кезеңінде өте жақсы дамыған. Ел мәдениетінің көтеріліп, көне хорезмдік мәдени ықпалдастық әсерімен қала және сәулет құрылыстары өркендеген, олардың қатары көбейген, жыр-дастандарды ауызша айту дәстүрі мен тарихи-әдеби шығармалар жазыла бастаған.

Сол кездерде туындаған әдеби, ғылыми және ерлікке бастайтын шығармалар қатарында «Қорқыт ата кітабы» – түбі бір түркі халықтарының ортақ әдеби жәдігерлерінің біріне айналған құндылық әрі дүниежүзілік деңгейде зерттелген туынды. Бұл – ең алдыменен батырлық жыр жинағы. Оның Дрезденде және Ватиканда сақталған негізгі екі нұсқасы, сонымен қатар үшіндегі Дрезден нұсқасының көшірмесі саналатын Берлин нұсқасы да бар. Бірінші нұсқаға тоқталсақ, дрездендік король кітапханасының Х.Флейшер каталогы бойынша №86-нөмірмен тіркелген, араб әрпімен жазылған 153 парақпен қолжазба. Шығарма атауы «Китаби-и Деде Коркут ала лисани-и тайфе-и Огузан» (Оғыз тайпасы тіліндегі Қорқыт атам кітабы) деп көрсетілген. Ол төмендегідей 12 жырдан: 1. Дерсе хан ұлы Бұқаш хан;

2. Салыр Қазан үйінің шабылуды; 3. Қам Бөріұлы Бәмсі Бейрек; 4. Қазан бек ұлы Ораз бектің тұтқын болғаны; 5. Дұқа Қожаұлы Делі Домрул; 6. Қаңлы Қожаұлы Қан Тұралы; 7. Қазылық Қожаұлы Йегенек; 8. Бисаттың Төбекөзді өлтіргені; 9. Бегіұллы Әмірен; 10. Үшүн Қожаұлы Секрек; 11. Салыр Қазанның тұтқын болып, оны ұлы Ораздың құтқарып алуы; 12. Іш Оғыздың Сырт Оғызға жау болып, Бейректің өлгені туралы жырлардан құралады.

«Қорқыт ата кітабындағы» жырдың жырлануында XIII-XIV ғасырдың тілдік ерекшеліктері де сақталған. Оғыздар мұсылман халық ретінде баяндалғанмен, жырдағы олардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты тұстарында ислам құндылығына жат дүниелердің суреттелуі (оғыз бектерінің шарап ішуі, Делі Домрулдың Әзірейілмен айқасы, т.б.) мен түркі-монғолды ұғымдағы сөздердің, садақ, найза, жебе, гүрзі, сүнгі сынды көне қару атауларының кездесуі жырдың сол ерте ортағасырлық кезеңдерде қалыптасқанын меңзейді. Жырда Сырдария бойындағы Қазылық (Қазығұрт) тауы, Көкшетау, Арқа бел, Алауата, Қаратау, Қарашық, Түркістан секілді жер-су атауларының сақталуы да тарихи кезеңдегі оқиғаларды жандандыра түскендей.

Осынау батырлық жыр нұсқасы Қазақстанның басым бөлігін жайлаған оғыз-қыпшақ жұртының арасында, әсіресе, Сыр бойында көршілес қатар көшіп-қонып жүрген кездерінен бастап жырланып, кейін оғыздармен бірге көшіп, оған жаңа оқиғалардың қосылуымен түрленіп, Анадолы тарапында хатқа түскен деген болжамдар да бар. Жырдың баяндауы сипаты байырғы жыраулық дәстүрді көрсетеді, әрбір елеулі оқиғадан кейін Қорқыт ата келіп сөз сөйлеп, жыр жырлап, бата-сын береді. Ал Делі Домрул, Төбекөзге қатысты жырдың өзегі тіпті, ертеректе шыққан тәрізді. Осы сөзді жандандыра түсу үшін, «Оғыз-наме» немесе «Оғыз қаған» эпосын нақты мысал етіп айтсақ болады.

«Оғыз-наме» – түркі халықтарының көне шежіресін генеологиялық аңыз негізінде баяндайтын тарихи-эпостық шығарма. Негізгі оқиғалар желісі жеке ру-тайпалар шежіресінен гөрі, Оғыз қағанның жеке ерлік, жорықтары туралы көркем түрде баяндайтын туынды. Жырдың негізгі идеясы – ауызбіршілік пен ерлікке, адамгершілікке, халықты сыртқы жауға қарсы күреске шақыру. Асылында, осы туындының ауызша тараған нұсқасы кейінірек қайта хатқа түсіріліп, екі түрлі нұсқада жеткен. Бірі ұйғыр жазуымен көшіріліп жазылған. Бұл нұсқа Париждің ұлттық кітапхана қорында сақталып келеді. Ал, екіншісі араб графикасымен жазылған. Оғыз қаған туралы аңыздардың авторы – атақты тарихшы, көрнекті әскери қолбасшы, Хиуа ханы Әбілғазы бин Араб Мұхаммедхан (1603-1663жж.).

«Оғыз-наме» аңызының Париж ұлттық кітапханасында сақталған нұсқасы көлемі шағын, 21 парақ немесе 42 бет. Әр парақ бетіне 9 жолдан жазылған. Жыр үлгісі композициялық құрылымы жағынан «Күлтегін» ескерткіші мәтініне ұқсас және қырықтан аса бөлікті хикаядан тұрады. Әр цикл үш бөлімге: бірінші – оқиғаның бастауы, екінші – оқиға желісінің өрістеуі, үшінші – оқиғаның қорытындысында «Оғыз қаған» жайлы және баяндалады.

Жыр негізгі екі бөлімнен тұрады:

1) Оғыздың өсуі, билікке келуі; 2) Жорық жолы мен соғыстары. Жырдың алғашқы бөлімі шығарманың халық аңызы мен ертедегі мифтерге сәйкес екендігін аңғартатын, әсіресе, юзңжей тайпаларының Шығыс Қазақстандағы

Берел обалар қорымынан табылған симбиоздық грифон бейнесі бар және соңғы бөлімнен тарихи деректердің кейбір оқиғалары да жарқын көрініс береді. Шығармада аты аталатын жер-су, тайпа, мемлекет атаулары да шындыққа жанасады.

Оқиғалар желісі де аңызбен өрілген. Деректік мәліметтерді ғалымдар екі топқа бөліп: оғыз-түркімен эпосына негізделген және тарихи тұрғыдан реалдық негізі бар, бізге аңыз күйінде жеткен мәліметтер деп қарастырады.

«Оғыз-наме» мәліметтерін әдетте ғалымдар мынадай топтарға бөледі: оғыз-түркімен эпосына негізделген деректер, онда Оғыз батыр мен оның ұрпақтары жасаған әскери жорықтар туралы аңыздар бар. Тарихи тұрғыдан реалдық негізі бар, бірақ бізге аңыз күйінде жеткен мәліметтер. Мұнда оғыз тайпаларының түрлі тарихи кезеңдерде жайлы қоныс іздеп, көшіп-қонуы жайындағы, оғыз елінің ішкі қоғамдық-әлеуметтік өмірі туралы және Оғыз елінің көршілес тайпа бірлестіктермен қарым-қатынасы жайындағы аңыздар.

Жоғарыда атап өткендей, «Қорқыт ата кітабының» Дрезден нұсқасының өзі оғыз батырларының қаһарман ерлігін дәріптейтін жырдан тұрады және оғыз ерендері, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, діни сенімдері жайында да мағлұматтар берілген.

Көроғлы, Көрғұлы – қаһармандық халық эпосы. Орталық Азия, Таяу Шығыс, Кавказ халықтарына ортақ фольклорлық әдеби ескерткіш. Жыр нұсқалары түркімен, қарақалпақ, өзбек, құмық, әзірбайжандар арасында да таралған. Жыр өзегі Қазақстаннан тыс аймақтарда, Орталық Азия, Қап тауын қоныстаған халықтар мен Балқандағы гагауз, Сібір татарлары арасында да жақсы мәлім екені белгілі.

Қазақстанда бұл жырдың алғашқы үлгілері XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда жарияланған (1885-1915 жылдар аралығында). Қазақ тілінде «Көроғлы», «Қисса Көроғлы», «Хикаят Көроғлы», «Көроғлы мен Безерген», «Көроғлы» (Бозайхан), «Қисса Ғауазхан», «Түрікмен Қасымхан» деген атаулармен басылған. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Орталық кітапханасы мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Көрғұлы туралы 15 дастан мен үш ертегі нұсқасы және бар. Жырдың жекелеген қазақша нұсқалары кеңес билігі жылдары екі рет жинақ болып басыпадан шыққан болатын.

Жыр оқиғасы тарихи-этникалық және аңыздық мәліметтерге жүгініп, Көрғұлының халықтық тұлғасын сомдауға бағытталған. Қазақ жырау-жыршылары мен түрікмен бахшылары бұл жырды анырама үлгісінде орындаған.

«Диуани лұғат ат-турк» шығармасы – 1072-1074 жж. аралығында жазылған түркіше-арабша сөздік. Ел жалпы түркі тілдері бойынша ең ауқымды және ең маңызды тіл жәдігері. Шығарма авторы – Махмұд ибн ул-Хусайн ибн Мұхаммад ал-Қашқари. Қолжазбаның бізге жеткен жалғыз ғана нұсқасы 1266 жылы Дамаскі (Шам) қаласында көшірілген, көшірме жасаған – Әбубәкір ибн Әбілфәтих. Жазбаны 1915 жылы Али Эмре ефенді Ыстамбұл қаласында кездейсоқ тауып, сол арқылы бүгінге жеткен. Дегенмен, шығарманың әуелгі түпнұсқасы бізге жетпеген.

Тіл адамдардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ететін құралы десек, ауыз әдебиетіндегі жыр үлгілерін ауыздан ауызға жеткізу, ең алдымен жадыға жүктелген үлкен жауапкершіліктің маңызын ортаға қоятынын ерекше атап айтуға болады. Ислам мәдениетінің ықпалымен ауызша жырланған дүниелер хатқа түсе бастады.

Түркілердің исламды ресми дін етіп қабылдауы IX-X ғасырларда-ақ оғыздар арасында да жүзеге асқаны, халықтың екіге жарылуына әкелді. Түркі тайпаларының исламды қабылдауынан кейін-ақ табиғи түрде оның қасиетті кітабы Құранды түсіну, мән-мағынасына терең бойлап, ұғынып, негіздері және қағидаларына сай түрде үйреніп, үйрету үшін түркі тіліне аударылу қажеттілігін тудырғаны белгілі. Осы қатардағы себептер түркілер арасында ислам мәдениеті мен өнерін игеруге деген ұмтылысты да қатар оятты. Түркі мемлекеттерінде жарық көрген шығармалар қатары да өсті.

Қорыта келгенде, Құранның түркі тілдеріне аударылуы исламның әуелгі кезеңдерінен-ақ басталғаны және жадқа негізделген ауыз әдебиеті үлгілерінің де хатқа түсуіне басты себеп болды. Бүгінде түркітанудың ең басты мәселелерінің бірі – дереккөздердің аздығында. Оған қоса көптеген маңызды мәтіндердің әлі де індетте зерттеліп жарияланбауынан және әлемдегі кітапханаларда сақталған қолжазбалардың қолжетімді болмауынан. Кейінгі жылдарда осыған байланысты жақсы жұмыстар атқарылып келеді. Сөзіміздің дәлелі ретінде, 2019 жылы ирандық Қорқыт ата жырының Сыр елі ғалымдарының қолына табыс етілуін айтар едік.

Алпамыс ЖАЛҒАСҰЛЫ,
ҚазҰУ-дың PhD докторанты

РУХАНИ


ЖАҢҒЫРУ

● САНА СӨРЕСІ

Толыбай батыр тұғыры

Халқымыздың хас тұлғаларының тарихын түгендеп, мұрасы мен мұратын санамызға салып, қолымызға ұстатқан тәуелсіздігіміздің шапағаты екені айдй шындық. «Біздің тарих, бұл да бір – қалын тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақтағы», – деген Қадыр ақынның өлеңі кеңестік дәуірдің саяси көзқарасын астарлап айтып кеткен.

Сb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



Шынында шовонистік пиғылдағы орыс тарихшылары қазақтың ұлт батырларын, күрескерлік бейнесін күресінге итеріп тастап, өткен өміріміздің ақиқатын күрмеу жіп күйінде қалдырды. Егер қазақ өз-өзін таныса, рухы оянып, бодандықтан босап кетеді деп сексенді. Алайда, біз «мың өліп, мың тіріліп» сол күнге ақыры жеттік.

Тәуелсіздігіміздің танымен бірге арыстарымыз бен асылдарымыздың бейнесі жарқырап шықты. Ақиқат жолында ұлтқа қызмет етіп, ақтаңдақтарды аршыған тарихшылар, ғалымдар, ақын-жазушылар, ізгілік ізденушілері болды. Олардың нақты зерттеулері, тер төккен еңбектері арқылы қазақ халқының рухани казынасына қаншама ұмыт бола бастаған ұлы тұлғалардың есімдері қосылды. Осындай еңбектер арқылы тегін танып, тамырынан көктеген ұрпақ өсіп жетілді.

Бүгін қолымызға тиіп отырған жерлесіміз, бізге ақын Оңталап Базаралы атымен белгілі Оңталап Ералыұлы бауырымыздың тынымсыз зерттеуі мен ізденісінен тұаған «Толыбай батыр» аталатын еңбегі де ел үшін құнды дүние болмақ.

1771-1859 жылдары өмір сүрген Толыбай Мыңбайұлы дуалы ауыз би, дулығалы батыр болған. Арал, Қазалы аймағын мекен еткен Кіші жүз жұртын, қалың қазақты Хиуа, Қокан билеушілерінен, түркімен шапқыншыларынан ақ найзамен, орыстың отты қаруынан ақылмен қорғаған атақты тұлға туралы тас жазуына басылған тарихи деректер жоқтың қасы.

Он тоғызыншы ғасырдың бас кезінде Ресей империясының отаршылдық саясаты от шапшып тұрды. Бұған қоса қазаққа онтүстіктегі хандықтар да үстемдік жүргізу үстінде еді. Қос өкпеден қысқан жаудың қаупін сейілтудің бір жолы Ресей патшасымен ымыраласу ғана болатын. Орыс саясатына найза сілтеген Есет батырды да ақ патшаның бейбіт шартын қабылдауға көндірген Толыбай батырдың ақылы дейді халық жады. Найзамен зеңбірекке қарсы тұру қазақ жұртын көп қырғынға ұшыратуы қадік. Мұны Әбілқайыр хан, Толыбай батыр секілді тұлғалар дұрыс түсінген. Әбілқайыр бастаған қазақтың билері Ресейдің қол астына өтуге 1731 жылы ант қабылдағаны белгілі. Алайда, Толыбай батыр тұсындағы оқиғалар онан кейінгі жетпіс жылға жуық уақыт ішінде де қазақ елінің ақ патшаға толық бағынбағанын көрсетеді.

Толыбай батыр заманындағы орыспен ымыраласу Арал, Қазалы аймағындағы он мыңдаған Жақайым ата ұрпақтарын апаттан құтқарып қалды дейді, бүгінгі ұрпақтары. Расында, көзсіз ерлікті де, көрегенділікті де ұстана білген Толыбай батырдың бірнеше ұрпақ жалғастығын сақтап қалуы халық жүрегіндегі бейнесін ешқашан өшірген емес.

Кітапта батырдың тегі, өмірі, ерлігі, өсиеті жан-жақты өрнек тапқан. Автор бұл еңбектің негізгі бөлімін филолог-ғалым, өнертанушы-этнограф, туған жер тарихын зерттеуші Бүкір Жүсіповтің «Аманат арқалаған», «Өлең қонған өңір» деп аталатын зерделі зерттеулерімен бастайды. Бұл туған өлке тұлғалары туралы талдап айтылған еңбектің алғашқысында Қотан деген халық қойған атымен ауызда қалған Есболай бай мен оның тұсындағы тағылымды әңгімелер

келтірілген. Осы өңірдегі «Қотанкөл», «Қотанбұлақ», «Қотанның биігі» дейтін жер атауларының этимологиясына тоқталған. Сол арқылы Толыбай батыр секілді алып тұлғалар шыққан топырақтың қасиетін сездіреді.

Жақайымның сарыала туын ұстап, жұртына қалқан болған батыр сексен сегіз жыл ғұмырындағы ер болмысын елінің бақытына арнаған. Рухына қалың жұрт күні бүгінге дейін тәу етіп, басына қонып бала тілейтін Толыбай батырдың мәңгілік жайы Б.Жүсіпов жан-жақты сөз еткен «Қотанкөл» басында екен.

КітаптаӘбілдаМаханбетовтің «Шежіре-дастан» аталатын екі мың жолдан асатын өлеңі жарияланған. Бұл өлең-шежірені зерттеуші ғалым Берік Жүсіпов сұлейлер созын қасиеттеп ұстаған Берекет Омаровтың мұрағатынан жазып алыпты. Шығармада тұпатасы Қазақ, Созақтан тарайтын рулық шежіре, оның ішінде Кіші жүз аталықтары өрім-өрім қылып тарқатылады. Осы шежіре өлеңді өз басым құныға оқыдым, тілі де көркем.

«Арғымақтан туыпты, Алау деген бір бала. Білгенімді тағы айтам, Ол емес жалғыз бір ғана. Атаның ізін ашалап, Қызыл тілім сырғана. Көргенімді ашық айт, Сөзің түсер сыңға да...», – деп келетін жыр жолдары жан рахаттандырады.

Осы өлең-шежіренің Оңталаптың қолына түсуі де бір қызық хикая.

Толыбай батыр жөніндегі ізденісін бастамақ болып толғанып жүрген ол осыдан ақ жылдан аса уақыт бұрын сол кезде облыстың мәдениет саласын басқаратын Берік Жүсіповтің жұмыс кабинетіне кіреді. Екеуі біраз әңгімелесіп, Оңталап өз ойын айтады. Сонда Берік: «Толыбай дейсің бе?» – деп компьютеріне үңіліп, өз парақшасына сақтап қойған Әбілда ақынның өлеңін көрсетіп, бір-екі шумағын шабыттана оқиды. «Осы шежіре жырды маған бер», – дейді Оңталап өтініп. «Бұл түйе мен биеге беретін дүние емес. Осы дастанды сұрап өлең жаз», – депті Берік. Өнерді бағалау гоі! Сонымен, Оңталап өлеңді өлең жазып алыпты. Ол өлеңі де осы кітаптан табылады.

Мұнымен бірге кітаптағы Мінеж Тоғысұлының «Толыбай батыр» дастаны да оқыған адамды бей-жай қалдырмайды. Негізі біз Жанқожа батыр замандасы Толыбай батырдың толық образын осы дастаннан таба аламыз.

Ал, батырдың ұрпақ жалғастығы жайындағы әңгімені тікелей ұрпағы Шымырхан Ахметов баян етеді. Ол кісіні бір жылы осы кітаптың жинақтаушы авторы Алматағы арнайы іздеп барады. Сонда Шымырхан аға батырдың ел қорғаған қылышының қазір қайда сақтаулы тұрғандығы жөнінде құнды дерек береді. Сонан соң баба рухын насихаттау сенің еншіңде деп аманат жүктейді.

«Мен батыр жайындағы зерттеулерімді осыдан он төрт жыл бұрын бастаған едім», – дейді автор. Биылғы жылы Қотанкөл төңірегінде Толыбай батыр мен екісі Мыңбайға арналған ескерткіш кесененің орнатылуы осы көп жылғы ізденістің бір көрінісі іспетті. Автор кітапта ендігі міндет аудан орталықтарынан батыр есіміне көше аты беріліп, еңселі ескерткішінің бой көтеруі екенін айтады.

Осылайша, бұрын қолға алынбаған, әдеби-ғылыми айналымға түспеген Толыбай батыр жөніндегі тарихи деректер мен көркем шығармалардың басын қосқан жаңа кітап жарыққа шығып отыр. Бір кезде Арал аудандық «Толқын» газетінің редакторы Сағынжан Ермағанбетов батыр жайлы деректерді жинай бастаған екен. Бірақ, оған ағамыздың өмірі жетпепті.

Осы сауапты, сабақты істі сәтті орындаған Оңталап Ералыұлының еңбегін тарихи тұрғыдан да, тәрбиелік мәні жағынан да қазыналы дүние деп айта аламыз.



<https://twitter.com/svrbovi>

Sb

		Көлік және коммуникация	20 145 355
268		Общественный жоюуларын көлігі және автомобильді жоюлар баскармасы	20 145 355
	001	Жергілікті деңгее көлік және коммуникация салаларына мемлекеттік саясатты іске асыру жөндеті кызметтер	96 189
	002	Көлік инфрақұрылымы дамуы	3 932 180
	003	Автомобиль жоюларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	383 674
	005	Әлеуметтік маңызы бар ауданларды (қалаларды) қатынастар бойынша жоюларын тасымалдау жөніндегі баскармасы	182 547
	025	Обықстық автомобиль жоюлары және елді-мекендерді қоныслары күрделі және орташа жөндеу	329 105
	028	Көлік инфрақұрылымының басым жоюлары іске асыру	3 520 029
	051	Уәе қолінін инфрақұрылымды дамуы	32 500
	113	Төменгі турғы бюджеттерге берілетін пайдалануға ағылмайтын трансфертер	4 675 500
	114	Төменгі турғы бюджеттерге берілетін пайдалану даму трансфертері	4 925 700
13			8 495 488
	253	Обықстың мемлекеттік саясат баскармасы	710 166
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	710 166
254		Обықстың табын ресурстар және табын пайдалану реттеу баскармасы	242 949
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	242 949
256		Обықстың жұмыспен қамтулы ұйымдары және әлеуметтік бағдарламалар баскармасы	140 256
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	140 256
257		Обықстың қаржы баскармасы	563 280
	012	Обықстық жөргілікті атқарушы органның резерві	563 280
258		Обықстың экономика және бюджеттік жөспару баскармасы	19 093
	003	Жөргілікті бюджеттік инвестициялық жоюлардың техникалық-экономикалық негіздемелері және мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюларын, оның ішінде конессиялық жоюлардың құрылымдық және экономикалық негіздемесі турғы, соңдай-ақ жөкеші сарптамағанын жүргізу, мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюларын, оның ішінде конессиялық жоюлардың консултықлық сүйемелдеу жоюларын білім баскармасы	19 093
261		Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	1 084 195
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	1 084 195
268		Обықстың жоюларын көлігі және автомобильді жоюлар баскармасы	37 635
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	37 635
273		Обықстың мәдениет, архивтер және құаттама баскармасы	53 793
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	53 793
279		Обықстың энергетика және турғын үй-коммуналдық шаруашылық баскармасы	975 061
037		Өңірлер дамуында 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамуы	167 422
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	807 639
280		Обықстың индустриалдық-инновациялық даму баскармасы	82 180
001		Жөргілікті деңгее индустриалдық-инновациялық қызметі дамуы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөндеті кызметтер	82 180
285		Обықстың дене шынықтыру және спорт баскармасы	270 279
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	270 279
288		Обықстың құрылыс, сәулет және қала құрылыс баскармасы	457 862
051		«Бизнестің қол қартасы-2025» бизнесті қолдау мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриалық инфрақұрылымды дамуы	341 653
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	116 209
289		Обықстың қоспекірлер және турғыз баскармасы	3 774 407
005		«Бизнестің қол қартасы 2025» бизнесті қолдау мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде және қоспекірлерді қолдау	11 025
	006	«Бизнестің қол қартасы-2025» бизнесті қолдау мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде және қоспекірлерді қолдау	2 205 558
018		Қоспекірлер қызметі турғы	7 884
	015	«Бизнестің қол қартасы-2025» бизнесті қолдау мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шығын және орта бизнесті қолдауға ыңғайландыру	1 260 249
027		Нәтижелі жұмыспен қамтулы және жаңашыл қоспекірлерді дамуында 2017-2021 жылдары аралығында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді шығару және қолдау	39 690
082		«Бизнестің қол қартасы-2025» бизнесті қолдау мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде және бизнес-жөкешелік іске асыру үшін және қоспекірлерге мемлекеттік гранттар беру	250 000
743		Обықстың цифрлық технологиялар баскармасы	84 331
	096	Мемлекеттік-жөкешелік әріптестік жоюлар бойынша мемлекеттік міндеттемелері орындау	84 331
14		Борышты қызмет көрсету	1 810 605
257		Обықстың қаржы баскармасы	1 810 605
004		Жөргілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	1 801 854
016		Жөргілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қаржылар бойынша сыйқалар мен өте де төлемдері төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	875 011
15		Трансфертер	106 760 851
257		Обықстың қаржы баскармасы	106 760 851
007		Субвенциялар	95 583 422
011		Пайдалануға алынмайтын (толық пайдалануға алынбайтын) пайдалануға ағылмайтын нысандары трансфертері турғы	1 506 685
024		Зиянға ұшырау өтеуіне байланысты жоғары турғы бюджеттің шығындарын өтеуіне төменгі турғы бюджеттен ағылмайтын нысандары трансфертер	9 360 823
	3	Елді-мекендерді қалдау	2 398 661
06		Мемлекеттік қорлар	14 456 232
	006	Әлеуметтік қомек және әлеуметтік қамсыздандыру	28 862
288		Обықстың құрылыс, сәулет және қала құрылыс баскармасы	28 862

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 312 қаулысы

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №512 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 512 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

17-тармақ мынадай мазмұндағы 46-1), 46-2), 46-3), 46-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«46-1) өңірлік көркемдік кеңестер құрады және олар туралы ережелерді бекітеді;

46-2) бюджет қаражаты көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді қаржыландыруға мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекітеді;

46-3) мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

46-4) электрондық және жалпыға қол-

жетімді форматтарда мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді».

2. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ә.Ахметке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г.Әбдіқалықова

«Энергосервис» ЕЖШС-ның 2021 жылғы 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 990640000352

Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с				Өткізу көлемі, мың тенге (ҚҚС-сыз)				Өткізу көлемі, мың тенге (ҚҚС-сыз)				Табыстылық деңгейі		
	Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Шығындар, мың тенге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың тенге	Табыстылық деңгейі, %
		Заңды тұлға	Жеке тұлға			Заңды тұлға	Жеке тұлға			Заңды тұлға	Жеке тұлға				
			Жалпы көлем	Тұтыну көлеміне қарай			тәулік зонасына қарай	Жалпы көлем			Тұтыну көлеміне қарай	тәулік зонасына қарай			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электро-энергия	221 260, 893	93 758, 459	127 502, 434	0,000	3 697 615, 656	1 812 463, 646	1 885 152, 010	0,000	16,71	19,33	14,79	0,00	4 064 076, 743	3 697 615, 656	

«Энергосервис» ЕЖШС-ның 2021 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөнінде мәлімет

БСН 990640000352

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың тенге	Нақты шығындар, мың тенге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	1 666 389	2 153 528	487 139
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	1 316 144	1 397 806	81 662
Электр қуатының теңгерімдеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемені әзірлігін қамтамасыз ету шығындары	307 082	323 773	16 691
Жиынтығы	3 289 615	3 875 108	585 492

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Дәулетэнерго» ЖШС-ның 2021 жылғы 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 980340002633

Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с				Өткізу көлемі, мың тенге (ҚҚС-сыз)				Өткізу бағасы, тенге (ҚҚС-сыз)				Табыстылық деңгейі		
	Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Шығындар, мың тенге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың тенге	Табыстылық деңгейі, %
		Занды тұлға	Жеке тұлға			Занды тұлға	Жеке тұлға			Занды тұлға	Жеке тұлға				
			Жалпы көлем	Тұтыну көлеміне қарай			Жалпы көлем	Тұтыну көлеміне қарай			Жалпы көлем	Тұтыну көлеміне қарай			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Электро-энергия	70 247, 795	34 776, 283	35 471, 512	0,000	1 291 449, 078	684 191, 680	607 257, 398	0,000	18,38	19,67	17,12	0,00	1318464,99	1291449, 078	-2,05%

«Дәулетэнерго» ЖШС-ның 2021 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөнінде мәлімет

БСН 980340002633

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың тенге	Нақты шығындар, мың тенге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	543 783	577 390	33 607
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	484 309	559 932	75 623
Электр қуатының теңгерімдеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемені әзірлігін қамтамасыз ету шығындары	114 857	112 136	-2 721
Жиынтығы	1 142 949	1 249 458	106 509

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2021 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында өткізу көлемі және табыстылық деңгейі жөніндегі мәлімет

БСН 971140002240

Қызмет атауы	Өткізу көлемі, мың кВт*с.				Өткізу көлемі, мың тенге (ҚҚС-сыз)				Өткізу бағасы, тенге (ҚҚС-сыз)				Табыстылық деңгейі		
	Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			Барлығы	Тұтынушылар санаты			шығындар, мың тенге	Реттелетін қызметтен түскен кіріс, мың тенге	Табыстылық деңгейі, %
		Занды тұлға	Жеке тұлға			Занды тұлға	Жеке тұлға			Занды тұлға	Жеке тұлға				
			жалпы көлем	тұтыну көлеміне қарай	орташа тариф		жалпы көлем	тұтыну көлеміне қарай	орташа тариф		жалпы көлем	тұтыну көлеміне қарай			
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11			
Электро-энергия	119 121,2	56 183,6	58 956,1	3 981,5	1 989 220	989 927	936 630	62 663	16,70	17,62	15,89	15,74	2 078 189	1 989 220	-4,3%

«Шиелі Жарығы» ЖШС-ның 2021 жылдың 1-жартыжылдығына электр энергиясын бөлшек сауда нарығында нақты және іс жүзіндегі шығындары жөніндегі мәлімет


БСН 971140002240

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың тенге	Нақты шығындар, мың тенге	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	904 365	951 661	47 296
Электр энергиясын тасымалдау шығындары	847 757	858 770	11 013
Электр қуатының теңгерімдеу қызметін ұйымдастыру, қуатты реттеу, жүктемені әзірлігін қамтамасыз ету шығындары	202 812	183 867	-18 945
Жиынтығы:	1 954 934	1 994 298	39 364

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ



Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

ХАБАРЛАМАЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-03-03). «Майбұлақ кенішінде №46 ұңғымаға кірме автожолы» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-02-03). «Қызылқия кенішінде № № 362, 363, 364, 365 ұңғымаларына кірме автожолдар» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, А.Құнанбаев көшесі ІН ғимараты.

Реттеліп көрсетілетін қызметтің түрі: суды магистралдық құбырлар мен таратушы желілер арқылы, суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтері.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-26-баптарына сәйкес, «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы 2021 жылдың І-жартыжылдық қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есепті тыңдауды 2021 жылдың шілде айында төмендегі кестеге сәйкес өткізетіндігін хабарлайды.

№	Өндірістік бөлімшенің атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1	Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	26 шілде күні сағат 10.00-де	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт ата көшесі №1 (кент әкімі аппаратының мәжіліс залы)
2	Қармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	26 шілде күні сағат 15.00-де	Төретам кенті, Мұратбаев көшесі №16 (Төретам кенттік клубы)
3	Төретам кенті, Акай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	27 шілде күні сағат 10.00-де	Шиелі кенті, А.Байтұрсынов көшесі №13
4	Жиделі топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	27 шілде күні сағат 10.00-де	Шиелі кенті, А.Байтұрсынов көшесі №13
5	Шиелі ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	27 шілде күні сағат 15.00-де	Жанакорған ауданы, А.Иманов көшесі №112 а («Ордакент» ардагерлер және жастар ресурстық орталығы)
6	Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жанакорған өндірістік бөлімшесі	28 шілде күні сағат 10.00-де	Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі №29
7	Жанакорған ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	28 шілде күні сағат 12.00-де	Жалағаш кенті, Мырзалиев көшесі №24
8	Жалағаш ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	28 шілде күні сағат 15.00-де	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Абай Құнанбаев көшесі №1Н ғимараты
9	Қызылорда қаласы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	29 шілде күні сағат 10.00-де	Арал қаласы, Ә.Байтаханов көшесі №2
10	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	29 шілде күні сағат 15.00-де	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Р.Бағланова көшесі №215 б
11	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі	29 шілде күні сағат 15.00-де	
12	Қазалы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі		
13			

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы»,
«Ақмешіт жастары»
және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі мемлекет және қоғам қайраткері Әбенов Мұрат Абдуламитұлына анасы

Узипа Сейілқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау баскармасы және көпбейінді облыстық ауруханасының ұжымы медицина саласының ардагер дәрігері

Қанат Байсовтың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Алаула, Олимпиада алауы!

Мирайтова – әділдік пен спорттың белгісі. Сомэйти – гүлдеген шиі мен ерекше күшке ие тактильді сенсорлары бар кейіпкер. Шиі түстес антенна арқылы телепатикалық түрде хат жібереді. Ол өзінің плащын пайдаланып ұша алады. Өте сабырлы, бірақ керек кезінде үлкен күшке ие екенін көрсетіп, төзім мен мықтылықтың белгісі болған паралимпиадашыларды сипаттайды.

Расын айту керек, аталған айтулы аламанның өтуіне Жапония халқының басым бөлігі қарсылық білдірген болатын. Кейінгі әлеуметтік сауалнама нәтижелері көрсеткендей, халықтың 55%-і жарысқа қарсы екенін айтқан. Бір жағынан олар елдің денсаулығына алаңдай-



тынын білдірген. Одан бөлек, шараның жергілікті тұрғындар үшін еш пайдасы жоқ дейді. Өйткені шетелдік көрермендер келмегесін туристерден табыс

түспейді. Осы ретте наразылық акциялары әлі де басылмай тұр. Тағы бір айта кетерлігі, Олимпиада қалашығындағы төсек орындар қайта өңделген

қатты қағаздан жасалған. Оны Жапония басшылығы қоршаған ортаны қорғау бағытында ұстанып отырған саясатпен үнде-сетінін жеткізді.

Коронавирус демекші, кейінгі дерек бойынша Токиода бір күнде дерт жұқтырудың 1979 жаңа дерегі тіркелген. Бұл – биылғы жарты жылдағы ең үлкен көрсеткіш. Қазір дүбірлі додаға қатысуға келген спортшылар мен делегаттар арасындағы вирус жұқтыру оқиғасы 100-ге таяп қалды. Алайда ұйымдастырушылар алаңдауға негіз жоқ екенін айтады.

Олимпиаданың ашылу салтанатына 950 ресми тұлға қатысты. Олардың арасында 15 мемлекет пен халықаралық ұйым басшылары бар. Қатерлі

індеттен сақтық шараларына байланысты стадионға жан-күйерлер жіберілген жоқ.

Дүбірлі додаға қатысты теріс пікірлер аз емес. Соған қарамастан Жапония билігі де, ұйымдастырушылар да, барлығы ойдағыдай өтетініне сенімді. Халықаралық Олимпиада комитетінің басшысы Томас Бахтың айтуынша, аталған шара пандемияны еңсеретінімізге сенім ұялатып, үміт пен бірліктің нышанына айналуы тиіс.

Токио төрінде Қазақстан жалауын қызылордалық боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен жеңіл атлет Ольга Рыпакова ұстап шықты. Жерлесіміз – біздің өңірден мұндай мәртебеге ие болған тұңғыш спортшы.

– Салтанатты шара бары-

сында туды ұстап шығу міндеті маған сеніп тапсырылды. Мұндай зор сенім үшін барлық азаматтарға алғыс білдіргім келеді. Бұл – мен үшін үлкен жауапкершілік және үлкен мәртебе. Олимпиада төрінде ел намысын қорғауға тұңғыш рет келіп отырмын. Біз бұл айтулы аламанды өте ұзақ күттік. Олимпиада ойындарына тыңғылықты дайындалуға мүмкіндік жасағаны үшін Президентке және Ұлттық Олимпиада комитетіне зор алғысымызды білдіреміз, – деді ол.

Күншығыс еліндегі бәсекеде Сыр өңірінен үш үздігіміз бақ сынайды. Бокстан Қамшыбек Қоңқабаевтан өзге еркін күрестен Дәулет Ниязбеков пен каратэ-до шебері Мөлдір Жаңбырбай бар.

АҒА БУЫН АЙТҚАН СЫР

«Қазір жерде жүрмін. Күнде аспанға қараймын. Әлі де аспанды аңсаймын» дейді кейіпкеріміз. Ол ширек ғасырдан астам өмірін авиация саласын дамытуға арнаған бірінші классты инженер-ұшқыш, жиырма жылдан астам запастағы офицерлерді дайындаумен айналысып жүрген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті әскери кафедрасының аға оқытушысы, әскери кафедра бастығының орынбасары, запастағы майор. Қос мамандықты қатар игеріп, жарты ғасыр ғұмыры жастарды тәрбиелеуге жұмсап келе жатқан Биболат Ердіхалықовтан сыр тартқан болатынбыз.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

«Аспанды әлі аңсаймын»

– Бала күнімен аспанды жақсы көрдім. Ұшқыш болу үшін сол мамандықты қалау жеткіліксіз. Адам бала кезден қалыптасу керек. Мен 5-сыныптан өзімді дайындадым. Арал ауданының Көкарал учаскесінде 1953 жылы дүниеге келдім. Балалық шағым да осындағы Аққұмда өтті. Ауылға аудан орталығынан айына бір-екі рет ұшақ қатынайтын. Көдімгі АН-2. Сол ұшаққа менің есім кетті. Түс көрсем аспан кезіп, қалықтап ұшып жүргенім. Таңертең тұра сала тысқа шыққаныма алдымен аспанға қараймын. Ондай ұшақтар біздің ауылдың үстімен күніне бірнеше рет өтетін. Ауылдың үстімен халықаралық авиатрасса мен «Возрождение» сынақ полигонына баратын авиатрасса өтеді екен.

Бесінші сыныптан Арал қаласында оқыдым. Әуежай қаладан мен тұрған үйден қашық емес еді. Жай ұшақтар да, әскери ұшақтар да бір әуежайда, күндіз-түні дамыл жоқ. Ол жылдары Арал теңізі мен оның әуежайы қандай еді. Іргесінде әскерилер тұратын «Чайка» қалашығы және теміржол бекеті. Мамыр, қыркүйек айларында мұғалімдерімізбен сонда саяхат жасап қайтатынбыз. Бүгіндері сол қала ішіне кіріп жатқан теңіздің де, әскери қалашықтың да орны ғана жатыр...

1970 жылы мектепті бітіріп, ағама еріп Алматыға келдім. Сегізінші наурыз көшесіндегі шағын үйде орналасқан қабылдау комиссиясына құжаттарымызды тапсыра алмай бірнеше күн жүрдік. «Қызылордалықтар Батыс Қазақстан аймағына қарайды, Ақтөбеге барындар» дейді. Осылай жүргенімізді көрсе керек, омырауында қос жүлдызы жарқырап бір кісі сыртына шығып жөн сұрасты. Талғат Бигелдинов екен! Ол кезде жасы 50-ге таяған болса керек. Ағам оған мән-жайды түсіндіріп, Талғат аға мені бір шолып шығып «жүр» делі. Ізінен ердім. Ішке кіргенде комиссия мүшелері батырдың алдынан өре түрегеліп, жапырласа амандасып жатты. Сөйтіп Оңтүстік аймаққа жататын шымкенттіктермен бірге құжаттарымы қабылдаттыратын болды. Өмірбаяным қазақша жазылған еді, сол арада отыра қалып Талғат аға орысша жазды да, қолымды қойдырды. Әлі күнге дейін батырдың танымайтын адамға істеген жақсылығына таңғаламын. Бірінші Құлай, екінші сол кісі болмаса ұшқыш болмас едім. Ол кездің адамдары қолынан келер көмегін кімнен болса да аямайтын еді ғой.

Ең қиыны, медициналық комиссиядан өту екен. Әбден қинады. Емтихандарын жақсы тапсырып, ақыры Саратов облысындағы Красный Кут ұшқыштар училищесіне жіберетін болды. Онда ұшқыштарды әрі әскери, әрі азаматтық авиация бағдарында дайындайды екен. Қазақстаннан 5-6 қазақ жігіті түсіппіз. Осылай курсанттық өмір басталып та кетті: күнделікті саппен жүру, қарауыл, оқу үдерісі, барлығы 2 рет парашютпен секіру, ұшақпен ұшу жаттығулары, оқу жиындары және т.б. Он тоғыз жасымда кіші лейтенант деген әскери атақ, әскери билет пен диплом алып, 1972 жылы қараша айында жолдамамен Қызылорда

авиакәсіпорнына экипаждың екінші ұшқышы болып оралдым. 22 жасымда алғаш рет ұшақ экипажының командирі болып тағайындалдым.

Содан 27 жылдан аса авиация саласында еңбек етіп, оның 25 жылдан көбін аспанда өткіздім. Осы жылдары экипаждың екінші ұшқышы, экипаж командирі, командир-нұсқаушысы, авиазвено командирі, авиаэскадрилья командирі, ұшқыштар авиаотрядының командирі, әуедегі ұшу қауіпсіздігін сақтау инспекторы лауазымдарын атқардым. АН-2, Л-410УВП, ЯК-40 ұшақтары мен МИ-8, МИ-8МТВ-1 тікұшақтарында ұштым. Екінші ұшқыштарды дайындап, қазір біразы полковник шеніне дейін көтеріліп әскери ұшақтарда командир, енді біреулері үлкен авиабазасы, біразы шетел ұшақтарының командирі болып жер шарын шарлауда. Олармен хабарласып тұрамыз.

Ленинградтың Ленин орденді азаматтық авиация академиясын инженер-ұшқыш мамандығы бойынша 1986 жылы сырттай бітірдім. Келесі жылы мені Жезқазған авиакәсіпорнына ұшқыштар эскадрильясының командирі етіп жіберді. 1992 жылы Қызылордада ұшқыштар авиаотрядының командирі етіп тағайындалды. Ол кезде авиаотряд АН-2, ЯК-40 ұшақтары авиаэскадрильяларынан, МИ-8 ұшағының авиазвеносы мен Арал әуежайындағы ұшқыштар авиазвеносынан тұратын. Арасында Ақтөбедегі жоғары азаматтық авиация училищесінде халықаралық ұшуларға дайындау мақсатында 6 ай ағылшын тілін оқытқаны да бар.

Жиыны 14 мың сағаттан аса ұшыппын. Авариясыз. Ұшқыштың бүкіл ғұмырын авариясыз өткізуінің авиацияда зор манызы бар. Бірде-бір ескерту алмаппын, КСРО Азаматтық авиация министрлігінің «За безаварийный налет 14000 часов» деген белгісін ал-



дым. Социалистік жарыстың бірнеше мәрте жеңімпазы болдық. «Оныншы бесжылдықтың екпіндісі» де атандық. «Коммунистік еңбектің екпіндісі» дегені де бар. «Қызылорда облысының таңдаулы транспорт қызметкері» дейді. Көп жылғы қызметтегі жетістіктер үшін берілген марапаттар.

Мұндай жетістіктерге жетуге ықпал жасап, кезінде көмек көрсеткен Т.Бигелдинов ағамызға, осы уақытқа дейін ағалық міндеттерін татынбаған Қуанышбай Ердіхалыков ағама, әр жылдары авиакәсіпорынды басқарған Д.А.Душинов, В.С.Гусев, Ж.Дүйсенбаев, Н.Есенгужинов, А.Б.Жолдыбаев және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры болған Қ.Бисенов мырзаларға рахметімді айтамын.

Ұшқыш болу оңай емес. Жақсы денсаулық, білім, өз мамандығына адалдық керек. Оқу өте қиын болды. Оған қоса, барлығы орысша. Тырыстық, барымызды салдық. Өзім ұстаз болған соң байқаймын ғой, қазіргі балаларға қарасаң, тырыспайды. Ынта жоқ. Негізгі теңізді өлкелерден ұшқыштар көп шығады. Аралдың Қаратеренінен шыққан ұшқыштар көп болды. Теңіздің ауа райы жақсы, тамағы құнарлы. Содан денсаулық мықты болады. Қазір жастарымыздың денсаулығы нашар. Оған қоса қосымша ағылшын тілін білу керек. Еуропаға барып оқу керек, командирді сол жақтан бекітеді.

Өзі ұшқыштар сирек қой. Көп адамның денсаулығы жарамайды. Оқу материалының өзі қиын, біздің кезіміздің өзінде оқи алмай шығып кеткен балалар болды. Бірақ қиындығына мойымасаң арманыңа жетесің. Бүгінде біздің ауыл жақтан ұшқыш шығып жатқан жоқ. Оған қоса, қазақстандық авиацияның дамуы КСРО тарағалы

тоқтап қалды. Саланың техникалық, кадрлық ресурстары сарқылып, ауыр дағдарысқа ұшырады. Оны жандандыратын қандай да бір бағдарлама да жоқ сияқты. Мысалы, бұрын Аралда бүкіл ауылдық жерлерге ұшатынбыз. Қарақұм, Райымға барып, балаларды ұшақпен қыдыртатынбыз.

Қазір статистиканы қарап отырсаң да жыл сайын, екі жыл сайын ұшақ құлап жатыр. Дұрыс жүйе құрылмаған, барлығы ескірген. Оған қоса саланы авиациядан хабары жоқ адамдар басқарады. Бұрын жоғары лауазымға барлық қызмет сатысынан өтіп келетін. Қазір көбі қаржыгер, экономистер. Олар мүмкін мықты менеджер шығар, бірақ көріп-білмеген саласын қалай басқарады?

Айталық, өткенде ғана Қызылорда маңында АН-2 ұшағы апатқа ұшырады. Қарауылтөбе ауылынан 12 шақырым жерде. Ұшақта 1954 және 1967 жылғы екі ұшқыш отырған. Командирі қарап отырсаң менімен жасты. Осы жасқа келгенше адам ұша ма? Ама! жоктан ұшады ғой. Оған қоса қазір қиын. Бұрынғыдай тәртіп жоқ. Бұрын АН-2 ұшақтарының өз бензині болатын. Қазір автомобиль бензинімен ұшады. Сол құрттады техниканы.

Болмаса, бірер жыл бұрынғы Алматы маңында апатқа ұшыраған «Бек Эйр» әуе компаниясына тиесілі Fokker 100 ұшағын алайық. Борт командирі кезінде менің екінші ұшқышым болған қызылордалық жігіт. Сол ұшақтың артық бөлігі ұшу-қону жолағына екі рет жанасқан. 300-400 метр шамасында. Екі рет ұшу-қону жолағына соқтығып, кейін ұшу-қону жолағы аяқталғаннан кейін, әуе кемесі оңға бұрылған. Шасси бұл уақытта жинақталып қойған. Ұшып кетпек болғанмен, оң жаққа ауып кетіп, жер үйдің қоршауына соғылған.

Мұндай ұшақтың көтерілмей қалуы сирек жағдай. Осындай жаңалықтарды үйде отырып талдап отырамын. Экипаждың апат алдындағы дыбыс жазбасын тындадым. Алдында ғана бір ұшақ ұшып өткен. Содан завихрение дейміз ғой, ауаның үйірілуіне түсіп қалған болуы мүмкін. Үлкен техника желісі күні ұшып өтсе, ауа ағымы солай құйындап тұрып қалуы мүмкін. Апат себебін мұз қатуынан делі. Өз басым тәжірибелі экипаж оның алдын алатын шара қабылдамағанына сенбеймін.

Жалпы ең соңғы ұшу қиын. 1997 жылдың желтоқсанында менде де сондай жағдай болған. Мұз қатып, екі рет арнайы сұйықтықпен өңделдік. Қар жауып тұрды, екі-үш жүз метр жер ғана көрінеді. Ұшақ қанатына қайта қар отырып жатыр. ПОС – противообледенительная система деген бар. Аспанда қосу керек оны. «Соны жерде қосайық, болмайды» дедім. Жерде қосып, жолаққа шығып, диспетчерге жылдамдықты арттырамыз деп айттық. Қорқып отырмын. Жылдамдықты шек-

тен асырып көтердім. Ұшу режимін 200 метрден кейін алып тастайтын едік, 800 метрге дейін ұстап отырдым. Содан кейін, көтерілген соң бұлттан шығып қарасам, шынында да, қанша өңдеу жасаса да мұз қалып қойған. Сол өте қиын ұшудан кейін қойдым. Зейнетке 42 жасқа толмай тұрып шықтым.

Қазір елде шағын авиация жоқ деуге де болады. Бұрынғы қалыптасқан жүйе де жоқ. Авиациялық заңнаманы желел түрде қайта қарау қажет. Бұл мәселені кезінде өңірде саланы өркендетуге үлкен үлес қосқан, ұзақ уақыт Алматы эскадрильясының командирі болып жұмыс істеген Дмитрий Душимовтан бастап ұлттық авиация ардагерлері көтеріп те жүр. Біз жоғарыда мысалға келтірген апаттардың бәрі, кім кінәлі болса да, жан түршігерлік қайғы-қасірет. Сонымен қатар, бұл авиацияның қазір өте ауыр кезеңде тұрғанын білдіреді. Бірқатар маңызды шаралар қабылдау қажет.

Ұшу қиын ғой, күтпеген жағдай көп. Көп өрсені 2-3 секунд шешеді. Әсіресе, қонған кезде қателесуге болмайды. Жолақтың ені – 42-ақ метр. Соның қақ ортасына дәл түсуің керек. Тұман, қар жауып тұрған кезде қондырғымен келіп қонасың. Өйткені дым көрінбейді. Көкжиек көрініп тұрса, қарап, көз үйретіп алуға болады. Ал дым көрінбеген кез қиын.

Ұшқыштарға талаптың айрықша болатыны да содан. Айталық, бірінші санатты ұшқыштың бағасы теория, практика мен жаттығулардың барлығынан 5 болуы керек. Сынақтың барлығынан өткен соң демалысқа жібереді. Келген соң тағы да сол сынақтарды 5-ке тапсыруың керек. Бұрын тәртіп қатты болды ғой. Инспекторлар келеді. Өзі екі-ақ талонның болады, талонның кесіп алады кемшілік тапса. Екі талонның да кесілсе ұшқыш бола алмайсың. Сосын ұшқыш куәлігі 1 жылға ғана ұзаратылатын. 25 жыл ұштың ба, 25 рет ұзартасың. Жылда қайтадан медкомиссиядан өтесің, қайта емтихан тапсырасың. Медкомиссияның жылдық, кварталдық, айлық, апталық, күн сайынғысы бар. Бір сөзбен айтқанда, денсаулыққа қатаң қарайтын. Кейінгі жылдары медкомиссиядан өтпей ұшатындар бар екен. Шетел ұшақтарында ондай мәселелерде негізгі шешімді командир қабылдайды. Бізде жалпы ұжымдық шешім болатын.

Қазір жолаушылар қонғанда қол шапалақтап жатады. Ол қалыпты ұшу. Ал қиын жағдайлардың жөні бөлек. Кейде екі қозғалтқыштың бірі істен шығып жатады. Құрылғылар істен шығып жататын кез кездеседі. Ең қиыны – өрт шығу. Бірақ экипаж дайын болса қорықпайсың. Сондықтан бізді жақсы дайындайтын. Қазір бір-екі ұшағы болса компания ашып алады. Оған не дайындық болады? Базасы, басқасы жоқ. Онда дайындық болып жатыр ма, ешкім бақыламайды. Жақсы инспекторлар жұмыстан қуылып та жатыр. Бақылау, жүйе жоқ.

Бұрынғы жүйеде, біз училище бітірген соң бүкіл одақтың өкілдері келіп, қай жаққа маман керекін айтатын, қайда барғымыз келетінін сұрайтын. Солтүстікке, теңізді өлкелерге барғысы келетіндер көп болатын. Мен Аралға барамын дедім. Бізге орыстар көп келді ғой. Кейін теңіз қайтты, барлығы елдеріне кетіп қалды. Ол кезде Аралда төрт әскери қалашық болды. Өрқайсысының мектептеріне дейін бар еді, автономды өмір сүрді. Ізі ғана қалды бүгінде солардың. Уақытында сондай дүрілдеп тұр еді ғой Арал. Кезінде шағын шыны зауыты да болды.

Қазір арада қанша жыл өтсе де жұмысты ұмыта алмаймыз. Аспанға үйреніп кетесің ғой, 25 жыл жүрген соң. Түрлі табиғи құбылыстарды көресің. Бұлт арасына кіресің, шығасың... Жұмыс қызық әрі қиын. Оған дайын болуың керек. Дайындықыз болмайды. Бірінші – жауапкершілік. Өзіңді емес, борттағы адамдарды ойлайсың.

Қазір жерде жүрмін. Күнде аспанға қараймын. Әлі де аспанды аңсаймын.



www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		https://twitter.com/syrboyi		www.instagram.com/syrboyi_kz	
БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)		Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.	
БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел.: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)		Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.	
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Таралымы 25725		Тапсырыс №1064		Кезекші редактор Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ	